



**«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы»
акционерлік қоғамы**

Қолжетімділік деңгейі: Жалпы

«ҰТК» АҚ Басқармасының «__»
_____ 20__ жылғы
(№ ____ хаттамаға
қосымша № ____)
шешімімен
бекітілді

Күшіне ену күні
«__» _____ 20__ жыл

**Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығының жұмыс істеу
қағидалары**

Тірк. № _____

Алматы қ.

Мазмұны

1 тарау. Жалпы ережелер.....	4
2 тарау. Оператордың Қатысушылармен өзара қарым-қатынасы	7
1 Параграф. Қатысушыларға қойылатын талаптар	Ошибка! Закладка не определена.
2 Параграф. СДАО сервистеріне қосылуға өтінімдер беру	Ошибка! Закладка не определена.
3 Параграф. Қатысушылардың СДАО сервистеріне қосылу туралы өтінімдерін Оператордың қарауы.....	Ошибка! Закладка не определена.
4 Параграф. Қатысушыға қызмет көрсетуді тоқтата тұру немесе тоқтату үшін негіздемелер.....	10
5 Параграф. Қатысушылардың қызметтерін тарифтеу және оларға ақы төлеу шарттары	12
3 тарау. Оператордың биометриялық шешімдерді жеткізушілермен өзара қарым-қатынасы.....	12
1 Параграф. Биометриялық шешімдерді жеткізушілерге қойылатын талаптар	12
2 Параграф. Биометриялық шешімдерді СДАО-ға қосуға өтінімдер ұсыну ..	13
3 Параграф. Оператордың биометриялық шешімдерді СДАО-ға қосуға өтінімді қарауы	14
4 Параграф. Биометриялық шешімдерді жеткізушілердің қызметтерін тарифтеу және оларға ақы төлеу шарттары.....	16
4 тарау. СДАО сервистерінің жұмыс істеуі.....	16
1 Параграф. СДАО-ның жұмыс істеуі бойынша жалпы талаптар	Ошибка! Закладка не определена.
2 Параграф. Клиенттің келісімін алу, тіркеу, сақтау және қайтарып алу тәртібі	Ошибка! Закладка не определена.
3 Параграф. Клиенттің фотобейнелерін салыстыру қызметін көрсету тәртібі	Ошибка! Закладка не определена.
4 Параграф. Биометриялық аутентификация қызметтерін көрсету тәртібі	Ошибка! Закладка не определена.
5 Параграф. Клиенттің жеке басын екі факторлы сәйкестендіру қызметін көрсету тәртібі	23
6 Параграф. Бұлтты ЭЦҚ қолдана отырып, электрондық құжаттарға қол қою қызметін көрсету тәртібі.....	Ошибка! Закладка не определена.
5 тарау. Диспуттық жағдайларды қарау	Ошибка! Закладка не определена.
6 тарау. Тәуекелдерді басқару жүйесі.....	Ошибка! Закладка не определена.
СДАО-ға ұсынылатын фотобейнеге қойылатын талаптар	
«Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы» (СДАО) ақпараттық жүйесінің пайдаланушы келісімі	31

Биометриялық шешімдерге қойылатын талаптар	Ошибка!	Закладка	не определена.
Биометриялық шешімді тестілеуді өткізу туралы келісім.....			41

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығының жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Киберқауіпсіздік туралы», «Төлемдер және төлем жүйелері туралы», «Дербес деректер және оларды қорғау туралы», «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңдарына сәйкес әзірленді және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» акционерлік қоғамының «Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы» ақпараттық жүйесін ұйымдастыру және оның жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) ҚНРДА – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі;

2) аудиторлық із – СДАО-да дербес деректер мен электрондық хабарламаларды өңдеу жөніндегі оқиғаларды дәйекті түрде тіркеу, олар туралы ақпарат СДАО мен Қатысушыларда сақталады;

3) Клиенттің жеке басын аутентификациялау – Клиенттің жеке басының түпнұсқалығын тексеру рәсімі;

4) биометриялық аутентификация – Клиенттің биометриялық деректерінің сәйкестігін салыстыру және тексеру процесі, оған *liveness*-тексеру және Клиенттің фотобейнесін қолжетімді көздердегі фотобейнемен салыстыру кіреді;

5) биометриялық деректер – адамның физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік беретін, оның жеке басын анықтауға болатын дербес деректер;

6) биометриялық шешім – адамның жеке басын биометриялық аутентификациялауға арналған, биометриялық технологияларға негізделген бағдарламалық қамтамасыз ету;

7) *deepfake* технологиялары – қолданыстағы кескіндер мен бейнелерді бастапқы кескіндерге немесе бейнероликтерге біріктіру және қабаттастыру үшін қолданылатын кескіндерді синтездеу әдістемесі;

8) диспут – Қатысушы СДАО сервистері көрсеткен қызмет нәтижелеріне дау айтатын даулы және/немесе жанжалды жағдай;

9) Клиенттің екі факторлы аутентификациясы – сәйкестендірудің екі түрлі тәсілін қолдана отырып жүзеге асырылатын Клиенттің жеке басын аутентификациялау (Клиенттің мобильді құрылғысына жіберілген бір реттік кодты енгізу және биометриялық аутентификация);

10) қолжетімді көздер – жеке тұлғалардың эталондық деректерін, эталондық фотобейнелерін, сондай-ақ жеке тұлғалардың жеке сәйкестендіру нөмірлерін (бұдан әрі – ЖСН) және (немесе) заңды тұлғалардың бизнес-сәйкестендіру нөмірлерін (бұдан әрі – БСН) қамтитын мемлекеттік деректер базалары;

11) Қызметтер көрсету туралы шарт – «Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы» ақпараттық жүйесінде қызметтер көрсету туралы қосылу шарты;

12) ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

13) Клиент – әрекетке қабілетті жеке тұлға немесе заңды тұлғаның атынан әрекет ететін жеке тұлға, Қазақстан Республикасының азаматы, шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ адам, оның сәйкестендірілуі Қазақстан Республикасының «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Заңына сәйкес жеке басын куәландыратын құжаттар (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі/Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты, Қазақстан Республикасындағы шетелдіктің тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдік паспорт) негізінде жүзеге асырылады;

14) *liveness*-тексеру – жүйені айналып өту мақсатында фотобейнелерді, бейнежазбаларды, маскаларды немесе *deepfake* технологияларын пайдалану арқылы Клиенттің жеке басын алмастыру әрекеттерін анықтау процесі;

15) АХҚО-ның лицензияланған қатысушылары – АХҚО-да тіркелген немесе аккредиттелген және лицензияланатын қызметті жүзеге асыруға АХҚО Қаржылық қызметтерді реттеу комитетінің лицензиясын алған заңды тұлғалар;

16) Клиенттің жеке кабинеті – Клиент екі факторлы аутентификациядан өткеннен кейін қолжетімді болатын, дербес деректерді және банк құпиясына жататын мәліметтерді жинауға, өңдеуге және үшінші тұлғаларға беруге берілген келісімдерді, сондай-ақ шығарылған бұлтты электрондық цифрлық қолтаңбаны басқаруға мүмкіндік беретін Клиенттің дербес парақшасы. Клиенттің жеке кабинеті: id.npck.kz мекенжайында қолжетімді;

17) өкілеттіктер матрицасы – заңды тұлғаның атынан бұлтты ЭЦҚ пайдалана отырып электрондық құжаттарға қол қоюға уәкілетті тұлғалардың тізбесін қамтитын, өкілеттіктерді ұсынған ұйымның бірінші басшысы куәландырған (қол қойған) тізілім;

18) АХҚО – «Астана» халықаралық қаржы орталығы;

19) ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

20) бұлтты ЭЦҚ – Қоғамның куәландырушы орталығының жабық кілттерді аппараттық криптографиялық қорғаныс модулінде (HSM) жасауға, пайдалануға, сақтауға және жоюға мүмкіндік беретін сервисі. Жабық кілтке қол жеткізу оның иесі арқылы қашықтан кемінде екі аутентификация факторының көмегімен жүзеге асырылады, олардың бірі – биометриялық фактор;

21) бір реттік (біржолғы) код – Клиенттің сұрауы бойынша бағдарламалық-техникалық құралдармен қалыптастырылатын және Клиентті аутентификациялау кезінде бір рет пайдалануға арналған цифрлық таңбалар тізбегі.

22) Қоғам – «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» акционерлік қоғамы;

23) Оператор – Қоғам болып табылатын СДАО Операторы;

24) Портал – Қатысушыларға СДАО қызметтеріне қосылу функционалын ұсынатын, cabinet.npck.kz мекенжайында қолжетімді Қоғам платформасы;

25) биометриялық шешім жеткізушісі – биометриялық шешімі Оператор тарапынан сәтті тестіленген және СДАО үшін биометриялық шешімге қарапайым айрықша емес лицензия беру туралы шартқа (қосылу шартына) отырған заңды тұлға (биометриялық шешімді жеткізуші/әзірлеуші);

26) биометриялық шешімнің шекті мәні – биометриялық шешім жеткізушісі ұсынған фотобейнелердің ұқсастық (сәйкестік) коэффициентінің мәні, оған жеткен немесе одан асқан жағдайда фотобейнелерді салыстыру нәтижесі оң деп танылады;

27) Қатысушының қосымшасы – Қатысушы Клиентке қаржылық/төлем немесе өзге де қызмет көрсететін веб/мобильді қосымша;

28) бұлтты ЭЦҚ-ны басқару сервисі – бұлтты электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалана отырып электрондық құжаттарға қол қою қызметтерін, сондай-ақ тіркеу куәліктерін шығару/қайта шығару және кері қайтарып алу, сондай-ақ қол қойылған құжаттардың тізімін қарау функцияларын ұсынатын СДАО сервисі;

29) келісімдерді басқару сервисі – СДАО сервисері қалыптастыратын клиенттердің келісімдерін, сондай-ақ Қатысушылар цифрлық қаржылық, төлем және өзге де қызметтер көрсету кезінде өз бетінше алатын клиенттердің келісімдері туралы мәліметтерді тіркеуді, сақтауды және есепке алуды қамтамасыз ететін, сондай-ақ клиентке бұрын берілген келісімдерді кері қайтарып алуға бастамашылық жасау мүмкіндігін беретін СДАО сервисі;

30) Сайт – <https://npck.kz/> мекенжайында қолжетімді Қоғамның ресми интернет-ресурсы;

31) фотобейнелерді салыстыру – қолжетімді дереккөздерден алынған Клиенттің бет бейнесінің фотобейнесін liveness-тексеру сессиясы барысында алынған фотобейнемен немесе Клиенттің жеке (көзбе-көз) жүгінуі кезінде алынған фотобейнемен салыстыру процесі;

32) ашық бағдарламалық интерфейстер арқылы ақпарат алмасу жүйесі (ашық банкинг жүйесі) – оның қатысушыларының клиенттерін сәйкестендіруді, үшінші тарап төлем қызметтерін жеткізушілердің электрондық банктік қызметтер көрсетуіне клиенттердің келісімдерін жинауды, сақтауды және өңдеуді, сондай-ақ авторландырылған төлем қызметтерін жеткізушілердің тізілімін жүргізуді және олардың арасында ақпарат алмасуды жүзеге асыратын ақпараттық жүйе;

33) Қатысушы – Қызметтер көрсету туралы шартқа қосылған заңды тұлға;

34) ашық бағдарламалық интерфейстер арқылы ақпарат алмасу жүйесінің қатысушысы – Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және деректер алмасу мақсатында жүйені пайдаланатын заңды тұлға;

35) FMR (False Match Rate) – жалған сәйкестік көрсеткіші, яғни жүйенің әртүрлі екі тұлғаның фотобейнелерін қате түрде бір тұлғаға тиесілі деп тану ықтималдығын анықтайтын көрсеткіш;

36) FNMR (False Non-Match Rate) – жалған бас тарту көрсеткіші, яғни жүйенің бір тұлғаның екі фотобейнесін қате түрде сәйкес емес деп тану ықтималдығын анықтайтын көрсеткіш;

37) осы Қағидалар мәнмәтінінде Клиенттің дербес деректері деп мынадай деректер түсініледі:

- ЖСН;
- тегі, аты, әкесінің аты;
- туған күні;
- жынысы;
- ұлты;
- азаматтығы;
- жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (құжаттың түрі, сериясы мен нөмірі, берілген күні, қолданылу мерзімі және құжатты берген орган);
- туған жері туралы мәліметтер;
- тіркелген мекенжайы туралы мәліметтер;
- телефон нөмірі;
- биометриялық деректер (фото/бейне сурет);
- жеке тұлғаның әрекетке қабілеттілігі/әрекетке қабілетсіздігі туралы мәліметтер;
- жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығарылғаны туралы мәліметтер;
- хабар-ошарсыз кетті деп танылған тұлға туралы мәліметтер;
- резиденттігі;
- осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін өңдеу қажет болатын өзге де дербес деректер.

38) СДАО – нарық қатысушыларына қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін Қоғамның «Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы» ақпараттық жүйесі.

2 тарау. Оператордың Қатысушылармен өзара қарым-қатынасы

1 Параграф. Қатысушыларға қойылатын талаптар

3. Қатысушылардың Оператормен өзара іс-қимылы Қызметтер көрсету туралы Шарт негізінде жүзеге асырылады. Қызметтер көрсету туралы шарттың үлгілік нысанын Оператор бекітеді және Сайтта орналастырады.

4. Қызметтер көрсету туралы шартты Оператор мынадай заңды тұлғалармен жасасады:

- 1) қаржылық қызметтер көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын қаржы ұйымымен;
- 2) төлем қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және төлем ұйымдарының тізіліміне енгізілген төлем ұйымымен;
- 3) ҚР ҰБ ұйымымен және еншілес ұйымымен;
- 4) лицензиясы бар АХҚО қатысушысымен;
- 5) коллекторлық агенттіктер тізіліміне енгізілген коллекторлық агенттікпен;
- 6) ойын бизнесі саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғамен;

7) Оператормен Ашық бағдарламалық интерфейстер арқылы ақпарат алмасу жүйесінде қызметтер көрсетуге қосылу туралы шарт жасасқан заңды тұлғамен;

8) мемлекеттік органмен;

9) Оператордың қалауы бойынша өзге де заңды тұлғалармен.

5. Заңды тұлға Оператор Қызметтер көрсету туралы шартты тіркегеннен кейін Қатысушы мәртебесіне ие болады. Шарттың нөмірі мен жасалған күні Оператор тарапынан Қатысушының өтінішінде беріледі және толтырылады.

6. Қатысушы Қызметтер көрсету туралы шарт жасасу кезінде көрсетілген байланыс деректерінің (электрондық пошта мекенжайы, телефон нөмірі, заңды тұлғаның атауы мен деректемелері) өзектілігін қамтамасыз етуге және олар өзгерген жағдайда бұл туралы Операторды дереу хабардар етуге міндетті. Қатысушының соңғы тіркелген байланыс деректері бойынша жіберілген Оператордың хабарламалары тиісті түрде жеткізілген болып есептеледі. Байланыс деректерінің өзекті болмауы салдарынан туындаған салдарлар үшін жауапкершілікті Қатысушы көтереді.

7. Заңды тұлғаны СДАО-ның сервистеріне қосылу талаптарымен таныстыру мақсатында қажетті құжаттама Оператордың Сайтында орналастырылады.

2-параграф. СДАО сервистеріне қосылуға өтінімдерді беру

8. СДАО сервистеріне қосылу үшін заңды тұлға Операторға Қызметтер көрсету туралы шартта белгіленген нысан бойынша қосылу туралы өтінішті, сондай-ақ осы өтініште көзделген құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

9. Қызметтер көрсету туралы шартқа қосылу туралы өтініш қажетті құжаттар қоса беріліп, Қатысушы тарапынан қолма-қол немесе Оператордың мекенжайына тапсырысты пошта жөнелтілімі арқылы жіберіледі. Порталда тиісті функционал болған жағдайда өтінішті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қатысушының уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қою арқылы электрондық түрде беруге жол беріледі.

10. Шартқа қосылғаннан кейін Қатысушы Қағидаларда белгіленген тәртіппен Портал арқылы СДАО сервистеріне қосылуға өтінім береді.

11. СДАО сервистерін қосу және пайдалану ерекшеліктері:

1) Қатысушыларды СДАО сервистеріне қосу Қатысушыны Порталда тіркеу және қосылуға арналған тиісті қызметті таңдау арқылы жүзеге асырылады;

2) Қатысушы қосымшасының СДАО-мен ақпараттық өзара іс-қимыл кезіндегі аутентификациясы Қатысушының әрбір қосымшасы үшін қалыптастырылатын есептік деректерді (clientID/clientSecret) пайдалану арқылы жүзеге асырылады;

3) есептік деректер (clientID/clientSecret) Порталда тіркелген Қатысушының әрбір қосымшасы үшін бірегей болып табылады;

4) есептік деректер (clientID/clientSecret) Порталда тіркелген бір Қатысушы қосымшасын СДАО-ның әртүрлі сервистеріне қосу кезінде бірыңғай болып табылады;

5) Қатысушының қосымшасы тіркелген және Порталда тиісті СДАО сервисіне қосылған сәттен бастап Қатысушы СДАО сервисін пайдалану құқығына ие болады;

6) Қатысушының СДАО сервисіне (сервистеріне) қосылғаны туралы ақпарат Порталда Қатысушы қосымшасы туралы ақпарат бетінде көрсетіледі;

7) СДАО сервистерін пайдалану кезінде Қатысушы Оператор ұсынған есептік деректердің (clientID/clientSecret) құпиялылығын және қорғалуын қамтамасыз етеді әрі оларды пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қызметтер көрсету туралы шартқа сәйкес жауапты болады;

8) есептік деректердің (clientID/clientSecret) жария болуы немесе олардың жария болғанын көрсететін белгілер анықталған жағдайда, Қатысушы оларды Порталдағы жеке кабинетінде дербес түрде қайта шығарады.

3-параграф. Қатысушылардың СДАО сервистеріне қосылу туралы өтінімдерін Оператордың қарауы

12. Заңды тұлғадан Қызметтер көрсету туралы шартқа қосылу туралы өтінішті алғаннан кейін Оператор 7 (жеті) жұмыс күні ішінде мыналарды тексереді:

1) заңды тұлғаның Қағидалардың 4-тармағында көзделген Қызметтер көрсету туралы шарт жасасуға жол берілетін заңды тұлғалар санатына жататынын;

2) Қызметтер көрсету туралы шартқа қосылу туралы өтініштің дұрыс рәсімделуін, оған қол қойған тұлғаның өкілеттіктерін, сондай-ақ өтініште көзделген құжаттардың толық ұсынылғанын.

13. Егер заңды тұлға және (немесе) ұсынылған Қызметтер көрсету туралы шартқа қосылу туралы өтініш оған қоса берілген құжаттармен бірге Қағидалардың 4-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмесе, Оператор Қызметтер көрсету туралы шарт жасасудан бас тартады.

Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасында және өзінің ішкі құжаттарында көзделген негіздер болған жағдайда, сондай-ақ өз қалауы бойынша Қызметтер көрсету туралы шарт жасасудан бас тартуға құқылы.

Бұл ретте мұндай бас тарту Оператор үшін заңды тұлға алдында қандай да бір міндеттемелердің туындауына әкеп соқпайды.

14. Заңды тұлға және ұсынылған құжаттар осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген жағдайда, Оператор Қызметтер көрсету туралы шартты тіркейді.

Тіркеу нөмірі мен оның жасалған күні Қатысушының назарына Қызметтер көрсету туралы шартқа қосылу туралы өтінішке белгі қою арқылы не мынадай тәсілдердің бірімен хабарлама жіберу арқылы жеткізіледі:

- 1) қосылу туралы өтініште көрсетілген электрондық пошта арқылы;
- 2) электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы.

4 Параграф. Қатысушыға қызмет көрсетуді тоқтата тұру немесе тоқтату үшін негіздемелер

15. Қатысушыға қызметтер көрсету мынадай жағдайларда тоқтатыла тұрады:

1) Қатысушы Қызметтер көрсету туралы шарттың, Қағидалардың және Қызметтер көрсету туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын өзге де құжаттардың талаптарын орындамаған, тиісінше орындамаған немесе өзге де бұзушылықтар анықталған кезде;

2) заңды күшіне енген сот шешіміне немесе уәкілетті органның нұсқамасына сәйкес;

3) аномальды трафик, күмәнді белсенділік, шамадан тыс үлкен көлемдегі трафик, желілік порттардың/мекенжайлардың көп санын сканерлеу әрекеттері, шабуылдарды анықтау жүйелерімен тіркелген өзге де осындай әрекеттер анықталған жағдайда;

4) қызметтерге ақы төлеу мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам бұзылған жағдайда;

5) Қатысушы Оператор белгілеген мерзімде СДАО сервистерінің өзекті нұсқасына көшу туралы талапты орындамаған жағдайда;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қағидаларда белгіленген өзге де жағдайларда.

16. Қатысушыға қызметтер көрсетуді тоқтата тұру оны Қатысушы мәртебесінен айырмайды.

17. Қатысушыға қызметтер көрсету мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) СДАО арқылы алынған деректерді Клиенттің келісімінсіз үшінші тұлғаларға берген кезде;

2) заңды күшіне енген сот шешіміне немесе уәкілетті органның нұсқамасына сәйкес;

3) Қатысушының төлем қызметтерін және (немесе) қаржылық қызметтерді көрсетуге, сондай-ақ заңнамаға сәйкес лицензияны және (немесе) рұқсатты талап ететін өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру құқығынан айырылған жағдайда;

4) қызметтерге ақы төлеу мерзімі 60 (алпыс) күнтізбелік күннен астам бұзылған жағдайда;

5) Қатысушы жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жағдайда;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де жағдайларда.

18. Қатысушыға қызметтер көрсетуді тоқтата тұрған немесе тоқтатқан жағдайда, Оператор Қатысушыны қызметтерді тоқтата тұрудың немесе тоқтатудың күні мен себептері туралы жазбаша хабардар етеді.

19. Егер Қатысушыға қызметтер көрсетуді тоқтата тұрған немесе тоқтатқан күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Оператор Қызметтер көрсету туралы шартта көрсетілген байланыс деректері (оның ішінде электрондық

пошта) бойынша Қатысушымен байланыса алмаса, Оператор Қызметтер көрсету туралы шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға құқылы.

20. Қатысушының қызметін реттейтін уәкілетті орган берген лицензиясынан және (немесе) рұқсатынан айырылғаны (кері қайтарып алынғаны) расталған жағдайда, сондай-ақ Қатысушы қызметін жүзеге асырудың міндетті шарты болып табылатын міндетті мемлекеттік, кәсіптік немесе өзге де тізілімнен шығарылған жағдайда, Оператор Қызметтер көрсету туралы шарттың талаптарына сәйкес Қызметтер көрсету туралы шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзады.

21. Егер Қатысушының лицензиясының және (немесе) рұқсатының қолданылуы тоқтатыла тұрғаны немесе Қатысушы қызметін реттейтін уәкілетті орган оның міндетті тізілімдегі мәртебесін (қызметін) тоқтата тұрғаны анықталса, Оператор лицензияның, рұқсаттың немесе тізілімдегі мәртебенің қолданылуы қайта басталғанға дейін Жүйеге технологиялық қолжетімділікті шектеу арқылы Қатысушыға СДАО қызметтерін көрсетуді дереу тоқтата тұрады және кейіннен Қызметтер көрсету туралы шартқа қосылу туралы өтініште көрсетілген электрондық пошта арқылы Қатысушыны хабардар етеді.

22. Қатысушы өз қызметін реттейтін уәкілетті орган тиісті шешім қабылдаған күннен бастап дереу, бірақ 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей, Операторды өзінің лицензиясының және (немесе) рұқсатының қолданылуының тоқтатыла тұруы, одан айырылуы (кері қайтарып алынуы), қайта басталуы туралы не Қатысушының міндетті тізілімге енгізілуі, ондағы мәртебесінің тоқтатыла тұруы немесе тізілімнен шығарылуы туралы хабардар етуге міндеттенеді. Көрсетілген мән-жайлар туралы Операторды уақтылы хабардар етпеген немесе мүлде хабардар етпеген жағдайда, туындаған кез келген залалдар, оның ішінде үшінші тұлғалардың алдындағы залалдар үшін толық көлемде жауапкершілікті Қатысушы көтереді.

23. Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар туралы Операторды уақтылы хабардар етпеген немесе хабардар етпеген жағдайда:

1) Оператор Қатысушының қолданыстағы лицензиясы болмаған кезеңде оған қызмет көрсетудің салдарлары үшін қандай да бір жауапкершілік көтермейді;

2) көрсетілген кезеңде туындаған барлық тәуекелдер, залалдар, үшінші тұлғалардың талаптары, сондай-ақ ықтимал алаяқтық әрекеттер толық көлемде және тек Қатысушыға жүктеледі;

3) Қатысушы көрсетілген міндеттемелерді орындамауына байланысты Оператор шеккен барлық залалдарды, айыппұлдарды және шығыстарды (оның ішінде сот шығындары мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды) өтеуге міндеттенеді.

24. Оператор Қатысушының лицензиясының мәртебесін ресми ақпарат көздері бойынша дербес тексеруге құқылы, бірақ міндетті емес. Мұндай тексеруді жүзеге асыру Қатысушыны хабардар ету міндетінен босатпайды және хабарлама ұсынылмаған немесе уақтылы ұсынылмаған жағдайда Оператор үшін қандай да бір жауапкершіліктің туындауына әкеп соқпайды.

5 Параграф. Қатысушылардың қызметтерін тарифтеу және оларға ақы төлеу шарттары

25. СДАО көрсететін қызметтердің құны (тарифтері) Оператормен бекітіледі.

26. Қызметтердің құны және тарифтеу шарттары Сайтта жарияланады.

27. Оператор Қатысушыға көрсетілген қызметтер үшін төлемді ай сайын алады. Қызметтерге ақы төлеудің талаптары мен тәртібі Қызметтер көрсету туралы шартпен айқындалады.

28. СДАО Қатысушылары үшін Порталда Клиенттердің жеке басын аутентификациялау бойынша өңделген сұраулар саны туралы ақпарат қолжетімді болады.

29. Клиент тоқтатқан екі факторлы жеке басын аутентификациялау және биометриялық аутентификация қызметтері бойынша сессия толық көлемде төленуге жатады. Бұлтты ЭЦҚ қолдану арқылы электрондық құжаттарға қол қою сессиясы Клиенттің екі факторлы жеке басын аутентификациялау барысында тоқтатылған жағдайда, мұндай сессия Оператор бекіткен екі факторлы жеке басын аутентификациялау қызметтеріне арналған тарифтерге сәйкес төленуге жатады.

30. Фотобейнелерін салыстыру қызметіне қосылған Қатысушыларды қоспағанда, жаңа Қатысушылар үшін қызметтер Қызметтер көрсету туралы шартқа қосылған күннен бастап бір ай ішінде өтеусіз негізде көрсетіледі. Қызметтер көрсету туралы шарт бұзылғаннан кейін оны қайта жасасу Қатысушыға тегін кезенді қайта алу құқығын бермейді.

31. Бір компаниялар тобына кіретін Қатысушылар үшін сессиялардың жиынтық көлемін есептеуге жол беріледі. Фотобейнелерін салыстыру қызметі бойынша сессиялардың жиынтық көлемі есептелмейді.

Қатысушының компаниялар тобына тиесілігі Оператордың атына жолданатын, топқа кіретін барлық Қатысушылардың тізімі көрсетілген ресми хатпен расталады. Жаңа Қатысушының топқа қосылуы туралы бас ұйым Операторды кемінде бір ай бұрын хабардар етеді. Жаңа Қатысушы Оператор тиісті хабарламаны алған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап компаниялар тобының құрамына енгізіледі.

Компаниялар тобы үшін сессиялардың жиынтық көлемі әрбір қызмет бойынша жеке есептеледі. Әртүрлі қызметтер бойынша сессияларды қосып есептеуге жол берілмейді.

3 тарау. Оператордың биометриялық шешімдерді жеткізушілермен өзара қарым-қатынасы

1 Параграф. Биометриялық шешімдерді жеткізушілерге қойылатын талаптар

32. СДАО үшін биометриялық шешімге қарапайым (айрықша емес) лицензия беру туралы қосылу шартын Оператор жиынтығында мынадай талаптарға сәйкес келетін заңды тұлғамен жасасады:

1) заңды тұлға төлем қабілетті болуы және соңғы үш күнтізбелік айдан астам мерзімдегі салық берешегі болмауға тиіс;

2) заңды тұлға ұсынылатын биометриялық шешімге айрықша құқықтарының бар екенін растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс;

3) заңды тұлға өтінім берген кезде банкроттық рәсімінде болмауға немесе тарату сатысында тұрмауға тиіс;

4) заңды тұлға өтінім берген кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сатып алу порталындағы жосықсыз қатысушылар тізілімінде және мемлекеттік сатып алу порталындағы жосықсыз өнім берушілер тізілімінде тұрмауға тиіс;

5) заңды тұлға, оның бірінші басшысы немесе құрылтайшысы өтінім берген кезде жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде болмауға тиіс;

6) заңды тұлға Операторға тәулік бойы (24/7) консультациялар беру үшін қолжетімді техникалық қолдау қызметінің болуын қамтамасыз етуге тиіс.

2 Параграф. Биометриялық шешімдерді СДАО-ға қосуға өтінімдер ұсыну

33. Биометриялық шешімді жеткізуші болуға ниет білдірген заңды тұлға СДАО-ға қосылуға өтінім ұсынады, оған мыналар қоса беріледі, бірақ осылармен шектелмейді:

1) СДАО үшін биометриялық шешімге қарапайым (айрықша емес) лицензия беру туралы қосылу шартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қол қойылған СДАО үшін биометриялық шешімге қарапайым (айрықша емес) лицензия беру туралы қосылу шартына қосылу туралы өтініштің түпнұсқасы;

2) бірінші басшыдан берілген сенімхат (егер өтінішке бірінші басшы емес тұлға қол қойған жағдайда);

3) заңды тұлғаның уәкілетті органының бірінші басшыны сайлау туралы хаттамасы (шешімі) және бірінші басшыны тағайындау туралы бұйрық;

4) қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қойылғаны туралы куәлік (болған жағдайда);

5) жарғы;

6) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін/қайта тіркелгенін растайтын құжаттар;

7) Қағидаларға 3-қосымшада көзделген талаптарға сәйкес келетін, Оператордың контурында орналастыруға арналған биометриялық шешім және интеграциялау мен тестілеуді жүргізуге арналған тиісті құжаттама;

8) биометриялық шешімге айрықша құқықтарының бар екенін растайтын құжаттар;

9) техникалық қолдау қызметінің бар екенін және оның байланыс деректерін көрсете отырып растайтын хат;

10) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша биометриялық шешімді тестілеуді жүргізу туралы қол қойылған келісім;

11) қосымша құжаттар (қажет болған жағдайда).

34. СДАО үшін биометриялық шешімге қарапайым (айрықша емес) лицензия беру туралы қосылу шарты қайта жасалған және биометриялық

шешімнің нұсқасы өзгермеген жағдайда, 33-тармақтың 7) және 10) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер ұсынылмайды. Өтінім және өзге де материалдар Операторға ресми тәртіппен қолма-қол немесе Оператордың мекенжайына тапсырысты пошта жөнелтілімі арқылы жіберіледі. Өтінішке қоса берілетін құжаттар көшірме түрінде ұсынылады.

35. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес СДАО үшін биометриялық шешімге қарапайым лицензия беру туралы қосылу шартына қосылу туралы өтінішті электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы жіберуге жол беріледі.

3 Параграф. Оператордың биометриялық шешімдерді СДАО-ға қосуға өтінімді қарауы

36. Заңды тұлғаның өтінімі тоқсан сайын қаралады. Оператор өтінімді 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде қарайды және:

1) заңды тұлғаның Қағидалардың 32-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігін;

2) СДАО үшін биометриялық шешімге қарапайым лицензия беру туралы қосылу шартына қосылу туралы өтініштің толықтығы мен дұрыс рәсімделуін, сондай-ақ оған қол қойған тұлғаның өкілеттіктерін;

3) Қағидалардың 33-тармағында көзделген тізбеге сәйкес қоса берілген құжаттар топтамасын тексереді.

Көрсетілген мерзім шегінде Оператор сондай-ақ биометриялық шешімнің функционалдық тестілеуін және ақпараттық қауіпсіздік функцияларының тестілеуін жүргізеді.

37. Ақпараттық қауіпсіздік функцияларының тестілеуінен және функционалдық тестілеуден сәтті өту биометриялық шешімді СДАО-ға қосу туралы өтінімді мақұлдаудың міндетті шарты болып табылады.

38. Заңды тұлғаның өтінімі оң қаралған жағдайда, Оператор биометриялық шешімді СДАО-ға интеграциялауды жүзеге асырады.

39. Интеграция аяқталғаннан кейін Оператор СДАО үшін биометриялық шешімге қарапайым лицензия беру туралы қосылу шартын тіркейді.

СДАО үшін биометриялық шешімге қарапайым (айрықша емес) лицензия беру туралы қосылу шартының тіркеу нөмірі және оның жасалған күні биометриялық шешімді жеткізушінің назарына оларды СДАО үшін биометриялық шешімге қарапайым (айрықша емес) лицензия беру туралы қосылу шартына қосылу туралы өтінішке қою немесе мынадай тәсілдердің бірі арқылы хабарлама жіберу жолымен жеткізіледі:

1) қосылу туралы өтініште көрсетілген электрондық пошта;

2) электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы.

40. Фотобейнелерін салыстыруға арналған биометриялық шешімнің шекті мәнін Оператор биометриялық шешім СДАО-ның өнеркәсіптік ортасына қосылған күннен кешіктірмей Сайтта жариялайды. Шекті мән СДАО-ның фотобейнелерін салыстыру сервисіне қосылған әрбір биометриялық шешім үшін жеке белгіленеді және барлық биометриялық шешімдер үшін бірыңғай (біріздендірілген) болып табылмайды.

41. Биометриялық шешімнің шекті мәні өзгерген жағдайда, Жеткізуші жоспарланған өзгеріс туралы Операторды мұндай өзгеріс күшіне енгізілетін күнге дейін кемінде бір ай бұрын хабардар етуге міндетті. Оператор жаңартылған шекті мәнді оның қолданысқа енгізілу күніне дейін Сайтта жариялайды.

42. Жеткізуші өзінің биометриялық шешімін Оператордың тестілік контурында орналастыру үшін қолданылу мерзімі СДАО үшін биометриялық шешімге қарапайым лицензия беру туралы қосылу шартының қолданылу мерзімінен ерте аяқталмайтын қосымша лицензияны ұсынады.

43. Егер заңды тұлға және (немесе) СДАО үшін биометриялық шешімге қарапайым (айрықша емес) лицензия беру туралы қосылу шартына қосылу туралы ұсынылған өтініш қоса берілген құжаттармен бірге Оператордың Қағидалардың 32 және 33-тармақтарында көзделген талаптарға сәйкестігіне жүргізген тексеруінен өтпесе, Оператор қызметтер көрсетуден және СДАО үшін биометриялық шешімге қарапайым лицензия беру туралы қосылу шартын жасасудан бас тартады.

44. Қызметтер көрсетуден және СДАО үшін биометриялық шешімге қарапайым лицензия беру туралы қосылу шартын жасасудан бас тарту себебі Оператор тарапынан заңды тұлғаның назарына қосылу туралы өтініште және/немесе электрондық құжат айналымы жүйесінде көрсетілген электрондық пошта арқылы хабарлама жіберу жолымен жеткізіледі.

45. Оператор Қағидаларда және/немесе Оператордың техникалық құжаттамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі анықталған жағдайда биометриялық шешімді пайдалануды тоқтата тұруға құқылы.

Бұл ретте Оператор ажырату күніне дейін 14 (он төрт) күнтізбелік күн бұрын Қатысушыларға тиісті хабарлама жібереді, сондай-ақ Жеткізушіге қайта тестілеу жүргізу үшін шешімнің түзетілген нұсқасын ұсыну туралы талаппен ресми хат жолдайды. Қайта тестілеуден өтпеген жағдайда, Оператор Жеткізушімен жасалған СДАО үшін биометриялық шешімге қарапайым (айрықша емес) лицензия беру туралы қосылу шартын біржақты тәртіппен бұзу құқығын өзіне қалдырады.

46. Биометриялық шешімнің функционалдық тестілеуінің нәтижелері сәтті, бірақ ақпараттық қауіпсіздік функцияларының тестілеуінің нәтижелері сәтсіз болған жағдайда, Жеткізушіге анықталған кемшіліктерді жою үшін 10 (он) жұмыс күні беріледі, содан кейін қайта функционалдық тестілеу жүргізіледі. Бұл ретте тестілеу мерзімі биометриялық шешім қайтадан тестілеуге ұсынылған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күніне ұзартылады. Егер биометриялық шешімнің алгоритмдері мен функционалдық логикасы өзгеріссіз қалса, қайта функционалдық тестілеу жүргізілмейді.

Егер анықталған осалдықтар жойылмаса, ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеу туралы хаттама жасалады.

47. Биометриялық шешімді жеткізуші биометриялық шешімнің өзектілігіне кемінде жылына бір рет мониторинг жүргізуге және қажет болған жағдайда оны өзектендіру жөнінде шаралар қабылдауға міндетті. Биометриялық шешімді өзектендіру қажет болған жағдайда, Жеткізуші Операторға тиісті

хабарлама жіберуге және тестілеу мен кейіннен енгізу үшін биометриялық шешімнің жаңа жинағын ұсынуға міндетті.

4 Параграф. Биометриялық шешімдерді жеткізушілердің қызметтерін тарифтеу және оларға ақы төлеу шарттары

48. Биометриялық шешімдерді жеткізушілердің қызметтерінің шекті құнын Оператор белгілейді.

49. СДАО биометриялық шешімдермен өңделген Клиенттің жеке басын биометриялық аутентификациялауға арналған сұраулардың есебін жүргізуді қамтамасыз етеді.

50. Фотобейнелерін салыстыру сервисінің жұмыс істеуі шеңберінде Қатысушы әрбір биометриялық шешім үшін белгіленген және Оператор Сайтта жариялаған шекті мәнді ескере отырып, фотобейнелерін салыстыру жүргізілетін биометриялық шешімді дербес таңдайды.

51. Екі факторлы және биометриялық аутентификация қызметтерін көрсету шеңберінде келіп түсетін сұрауларды биометриялық шешімдер арасында бөлу Оператор тарапынан автоматты режимде жүзеге асырылады.

52. Төлем биометриялық шешіммен нақты өңделген сұраулар саны үшін жүргізіледі. Тестілік контурдағы биометриялық шешімге жіберілген сұраулар тарифтеуге жатпайды.

53. Биометриялық шешімді жеткізушінің қызметтеріне ақы төлеу тәртібі СДАО үшін биометриялық шешімге қарапайым лицензия беру туралы қосылу шартымен айқындалады.

4 тарау. СДАО сервистерінің жұмыс істеуі

1 Параграф. СДАО-ның жұмыс істеуі бойынша жалпы талаптар

54. СДАО Клиенттерге қашықтан (қашықтықтан) тәсілмен қызмет көрсету кезінде, сондай-ақ Клиенттің жеке өзі (жеке) жүгінген кезде СДАО сервистеріне қатысушыларға ұсыну мақсатында жұмыс істейді.

55. Оператор Қатысушыларға СДАО сервистері арқылы мынадай қызмет түрлерін ұсынады:

1) фотобейнелерін салыстыру қызметі – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қағидаларға сәйкес Қатысушының сұрауы бойынша Клиенттің фотобейнелерін салыстыру нәтижесін және Клиенттің дербес деректерін ұсыну. Клиенттің дербес деректері лицензияланған АХҚО қатысушыларына және электрондық коммерция саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын нарық субъектілеріне ұсынылмайды;

2) биометриялық аутентификация қызметі – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қағидаларға сәйкес Қатысушының сұрауы бойынша Клиенттің жеке басын биометриялық аутентификациялау нәтижесін, сондай-ақ Клиенттің дербес деректерін ұсыну;

3) екі факторлы аутентификация қызметі – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қағидаларға сәйкес Қатысушының сұрауы бойынша Клиенттің жеке басын екі факторлы аутентификациялау нәтижесін, сондай-ақ Клиенттің дербес деректерін ұсыну;

4) бұлтты ЭЦҚ қолдану арқылы электрондық құжаттарға қол қою қызметі – физикалық тасымалдағыштарды пайдалануды талап етпейтін бұлтты электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, электрондық құжаттарға заңды күші бар қол қою.

56. Электрондық хабарламалардың түпнұсқалығы расталған сәйкестендіру құралын қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

Электрондық хабарламаларды қалыптастыру және олардың түпнұсқалығын тексеру тәртібін Оператор айқындайды. Электрондық хабарламалардың алынуы мен өңделгенін растау үшін жауап электрондық хабарламалар пайдаланылады.

57. Оператордың негізгі деректерді өңдеу орталығының инфрақұрылымы қолжетімсіз болған жағдайда, Қатысушы резервтік орталыққа қосылады.

58. СДАО Қатысушыларға көрсетілген қызметтердің нәтижелерін олар алынған және өңделген күннен бастап 5 (бес) жыл бойы сақтауды қамтамасыз етеді. Қатысушыдан алынған және СДАО өндеген барлық деректер аудит ізін қалдыруға тиіс.

59. Клиенттің дербес деректері Қатысушыға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қағидаларға сәйкес, Клиенттің келісімімен, дербес деректерді трансшекаралық беруге құқығынсыз ұсынылады.

60. СДАО қызмет көрсету кезінде Клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттардың заңды мәртебесін белгілемейді.

61. СДАО-да берілетін деректердің құпиялылығы ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылардың деректер алмасу кезінде оларды шифрлауы арқылы қамтамасыз етіледі.

62. Қатысушы Клиенттің дербес деректерін Операторға беру кезінде Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының Клиенттің өзінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және үшінші тұлғаларға беруге келісімінің болуын қамтамасыз ету бөлігіндегі талаптарын сақтауға және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

63. СДАО-ның Қатысушылармен өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасында (RIPE NCC) жүйесінде тіркелген жария статикалық IPv4-мекенжайының болуы ескеріле отырып, жаһандық Интернет желісі арқылы не IP VPN немесе IPSEC технологияларын пайдалана отырып ұйымдастырылған бөлінген байланыс арнасы арқылы жүзеге асырылады.

2 Параграф. Клиенттің келісімін алу, тіркеу, сақтау және қайтарып алу тәртібі

64. СДАО Клиенттің келісімі болған жағдайда қызметтер көрсетеді, сондай-ақ келісімдерді басқару сервисінде Клиенттердің келісімдері тізілімін жүргізуді қамтамасыз етеді.

Қатысушылар Оператор белгілеген талаптар мен спецификацияларға сәйкес келісімдерді басқару сервисімен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға міндетті.

65. Қатысушы СДАО-ны пайдалана отырып қызметтер көрсету кезінде алатын Клиенттің келісімі Қатысушы тарапындағы көрсетілетін қызмет түріне байланысты мынадай бір немесе бірнеше құрамдас бөлікті қамтуы мүмкін:

1) дербес деректерді, оның ішінде биометриялық деректерді жинауға, өңдеуге және беруге келісім;

2) СДАО пайдалану арқылы биометриялық аутентификация жүргізуге келісім;

3) электрондық цифрлық қолтаңба кілттерін жасауға және электрондық цифрлық қолтаңба сертификатын беруге келісім, оның ішінде Клиенттің Қатысушының кеңсесінде жеке қатысуы кезінде алынған келісім;

4) банк құпиясына жататын мәліметтерді жинауға, өңдеуге және үшінші тұлғаларға беруге келісім.

СДАО осы Қағидалардың осы тармағында көзделген Клиенттердің келісімдерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиенттің оларды кері қайтарып алу мүмкіндігімен қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады. Келісімдерді қабылдау тәртібі мен келісімнің құрамы Қағидалардың 67 және 68-тармақтарына сәйкес айқындалады.

66. СДАО Қағидалардың 65-тармағында көзделген Клиенттердің келісімдерін Қатысушы айқындаған келісім қолданылатын мерзім ішінде, сондай-ақ оның қолданылуы тоқтатылғаннан кейін 5 (бес) жыл бойы (мерзімінің аяқталуы немесе келісімнің кері қайтарылуы) сақтауды қамтамасыз етеді.

67. Клиенттің фотобейнелерін салыстыру қызметін алу үшін Қатысушы Қағидалардың 65-тармағына сәйкес Клиенттің келісімін дербес алады және келісімді фотобейнелерін салыстыру сервисіне сұраумен бірге жібереді.

Клиент келісімін СДАО-ның келісімдерді басқару сервисінде тіркеу фото бейнелерін салыстыру нәтижесі оң болған жағдайда, яғни олардың ұқсастық деңгейі белгіленген шекті мәнге сәйкес келген кезде жүзеге асырылады.

68. Биометриялық аутентификация, екі факторлы аутентификация қызметтерін, сондай-ақ бұлтты электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану арқылы электрондық құжаттарға қол қою қызметін алу үшін Қатысушы келісім параметрлерін сұраумен бірге СДАО-ның тиісті сервисіне жібереді.

Бұл ретте Клиенттің келісімін жинау, қалыптастыру және келісімдерді басқару сервисінде тіркеу СДАО тарапынан жүзеге асырылады.

69. Клиент бұрын берілген келісімін Жеке кабинетте оны кері қайтаруды бастау арқылы кері қайтаруға құқылы. СДАО пайдалану арқылы биометриялық аутентификация жүргізуге берілген келісім бір реттік болып табылады және биометриялық аутентификация жүргізілген сәттен бастап орындалған болып есептеледі, осыған байланысты кейіннен кері қайтарылуға жатпайды.

70. Қатысушы Клиенттің дербес деректерін, оның ішінде үшінші тұлғаларға беруге қатысты жинауға, өңдеуге және беруге келісім беру нысанында СДАО сервистерін пайдалану кезінде Клиент өзінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және беруге келісім беретін тұлға ретінде Оператордың деректемелерін көрсетуді көздеуге міндетті:

1) Оператордың толық атауы — «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» акционерлік қоғамы;

2) Оператордың БСН-і — 960440000151.

3 Параграф. Клиенттің фотобейнелерін салыстыру қызметін көрсету тәртібі

71. СДАО-да Клиенттің фотобейнелерін салыстыру қызметін көрсету үшін Қатысушы сұрау параметрлерінде айқындаған биометриялық шешім арқылы Клиенттің биометриялық деректері бойынша оның фотобейнелерінің сәйкестік дәрежесін анықтайтын фотобейнелерін салыстыру сервисі пайдаланылады.

72. Фотобейнелерін салыстыру сервисі ақпараттық өзара іс-қимылдың синхронды және асинхронды әдістерін қолдайды. Әдістердің толық ерекше нұсқамасы <https://docs.npck.kz/> техникалық құжаттамада көрсетілген.

73. Клиенттің фотобейнелерін салыстыру қызметі Қатысушы жүргізетін Клиенттің жеке басын тексеру және (немесе) аутентификациялау және (немесе) сәйкестендіру рәсімдерінің кезеңдерінің бірі болып табылады. Фотобейнелерін салыстыру үшін биометриялық шешімді таңдау әрбір биометриялық шешім үшін белгіленген шекті мәнді ескере отырып, Қатысушы тарапынан жүзеге асырылады. Осы рәсімдердің нәтижелері туралы шешімді, сондай-ақ Клиентпен іскерлік қатынастар орнату және (немесе) оған қызмет көрсету туралы шешімді Қатысушы дербес қабылдайды.

74. Клиенттің фотобейнелерін салыстыру туралы сұрауды жібергенге дейін Қатысушы:

- 1) Қағидалардың 67-тармағына сәйкес Клиенттің келісімін алуға;
- 2) Клиенттің жеке басын алмастыру үшін фотобейнелер, бейнежазбалар, маскалар және өзге де құралдар/технологиялар пайдаланылмайтынына көз жеткізуге міндетті.

75. Ақпараттық өзара іс-қимылдың синхронды әдісі кезінде Қатысушының сұрауды электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қою фактісін Оператор Клиенттің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және үшінші тұлғаларға беруге келісімінің алынғанын растайтын жеткілікті дәлел ретінде таниды. Оператор Клиент келісімінің болуын қосымша тексермейді және мұндай келісімді Қатысушы тиісті түрде алған деп есептейді. Қол қойылған сұраудың дұрыстығы және Клиент келісімінің нақты болуы үшін толық жауапкершілікті Қатысушы көтереді.

76. Ақпараттық өзара іс-қимылдың асинхронды әдісі кезінде Клиенттің дербес деректерін (оның ішінде үшінші тұлғаларға) жинауға, өңдеуге және беруге келісімі СДАО тарапынан Дербес деректерге қолжетімділікті бақылаудың мемлекеттік сервисінің құралдары арқылы алынады.

77. Клиенттің фотобейнелерін салыстыру сервисі сұраулардың мынадай түрлері мен параметрлерін қабылдайды:

- 1) Клиенттің фотобейнесінің сәйкестік дәрежесінің нәтижесін алу туралы сұрау, ол мыналарды қамтиды:

-Клиенттің ЖСН-і;

-Клиенттің жеке басын қашықтан сәйкестендіру процесінде алмастыруды анықтау технологиясын іске асыратын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы Қатысушыдан алынған немесе Клиенттің жеке (бетпе-

бет) жүгінуі кезінде алынған және Қағидалардың 1-қосымшасында белгіленген талаптарға сәйкес келетін Клиенттің фотобейнесі;

-фотобейнелерін салыстыру рәсімі жүргізілуге тиіс биометриялық шешімнің идентификаторы;

2) Клиенттің дербес деректерін алу туралы сұрау.

78. Фотобейнелерін салыстыру сервисі сұраулар алмасу форматтарына сәйкес келетін Қатысушы сұрауын мынадай тәртіппен өңдейді:

1) қолжетімді дереккөздерге Клиенттің фотобейнесін алу туралы сұрау жібереді;

2) Қатысушыдан және қолжетімді дереккөздерден алынған Клиенттің фотобейнелерін салыстыру үшін Қатысушы сұрау параметрлерінде айқындаған фотобейнелерін салыстырудың биометриялық шешіміне жібереді;

3) өңделген фотобейнелердің сәйкестік дәрежесі туралы биометриялық шешімнің жауабын Қатысушыға қайта бағыттайды;

4) егер фотобейнелердің сәйкестік дәрежесі Қатысушы таңдаған биометриялық шешім үшін белгіленген шекті мәнге тең немесе одан жоғары болса, фотобейнелерін салыстыру сервисі Қатысушының сұрауы бойынша Қағидалардың 59 және 62-тармақтарында көзделген талаптарға сәйкес қолжетімді дереккөздерге Клиенттің дербес деректерін алу туралы сұрау жібереді. Фотобейнелер сәтті салыстырылғаннан кейін Клиенттің келісімі СДАО келісімдерді басқару сервисінде тіркеуге жіберіледі, ал Қатысушыға алынған дербес деректер және тіркелген келісімнің бірегей идентификаторы қайтарылады;

5) егер фотобейнелердің сәйкестік дәрежесі Қатысушы таңдаған биометриялық шешім үшін белгіленген шекті мәннен төмен болса, фото бейнелерін салыстыру сервисі Қатысушыға сәйкестік дәрежесінің нәтижесін жібереді. Көрсетілген шекті мәннен төмен болған жағдайда, фотобейнелерін салыстыру сервисі Клиенттің дербес деректерін ұсынбайды және Клиент келісімін келісімдерді басқару сервисінде тіркеу жүзеге асырылмайды.

79. Фотобейнелерін салыстыру сервисі қаржылық және төлем ұйымдарының биометриялық аутентификация жүргізу тәртібін реттейтін уәкілетті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актісіне сәйкес фото бейнелерді салыстыру нәтижелері бойынша электрондық құжат қалыптастырады.

80. Фотобейнелерін салыстыру қызметін көрсету кезінде Қатысушы қосымша түрде:

1) Оператордан алынған сәйкестік дәрежесінің нәтижелері негізінде Клиентке қызмет көрсету туралы шешімді дербес және өз жауапкершілігімен қабылдауға;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес бейнеконференциялар немесе liveness тетігі барысында алынған клиенттердің өтініштерінің сәйкестік дәрежесінің және бейнежазбасының нәтижелерін сақтау. Бейнеконференциялар немесе liveness тетігі барысында алынған клиенттердің өтініштерінің бейнежазбасын сақтау жөніндегі

міндеттеме клиенттің өзі жүгінген кезде оны сәйкестендіру жағдайларына қолданылмайды;

3) Клиенттің дербес деректерін, оның ішінде үшінші тұлғалардың қатысуымен жинауға және өңдеуге идентификациялық құрал арқылы расталған келісімін алуға және сақтауға;

4) Клиенттің биометриялық деректерін алу мақсатында, Қатысушы кеңсесінде Клиентке қызмет көрсету жағдайларын қоспағанда, Клиентте және (немесе) Қатысушыда бар құрылғыларды пайдалана отырып, Клиентпен бейнеконференция, бейнесұхбат немесе тірі пайдаланушыны анықтау (liveness detection) сеансын өткізуге;

5) Оператордың сұрауы бойынша сұрау алынған күннен бастап 1 (бір) күнтізбелік күннен кешіктірмей Клиенттің дербес деректерін, оның ішінде үшінші тұлғалар арқылы жинауға және өңдеуге берген келісімін ұсынуға (бір сұрауда 100 (жүз) Клиенттің келісімінен артық емес);

6) Операторға бейнеконференция, бейнесұхбат, тірі пайдаланушыны анықтау (liveness detection) сеансынан алынған немесе Қатысушы кеңсесінде қызмет көрсету кезінде алынған, Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін Клиенттің фотобейнесін жіберуге;

7) «Ұлттық төлем корпорациясы» АҚ жүйелеріндегі куәландырушы орталықтың қызметтерін көрсету туралы шартқа қосылу туралы өтінішке <https://npck.kz/normativnaya-baza/> мекенжайында орналасқан нысан бойынша Қызметтер көрсету туралы шарт жасалған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей қол қоюға міндетті.

81. Клиенттің дербес деректері Қатысушыға мынадай шарттар (жиынтықта) жиынтығы сақталған жағдайда ұсынылады:

1) Клиенттің фотобейнесінің сәйкестік дәрежесінің нәтижесі Қатысушы сұрау параметрлерінде айқындаған биометриялық шешім үшін белгіленген шекті мәннен төмен болмауы;

2) Қатысушының Клиенттің дербес деректерін алу туралы сұрауының болуы;

3) Клиенттің Қатысушыға (оның ішінде үшінші тұлғаларға) өзінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және беруге келісім бергенін растаудың болуы;

4) Қатысушының фотобейнелердің сәйкестік дәрежесінің нәтижелерін пайдалана отырып, Клиенттің жеке басын биометриялық аутентификациялаудың сәтті өткені туралы оң шешім қабылдауы.

82. Қатысушыны авторизациялау кезінде аутентификациялау процесін, сондай-ақ берілетін деректердің құпиялылығы мен тұтастығын қамтамасыз ететін, Оператордың куәландырушы орталығы Қатысушыға ұсынатын сертификаттар негізінде криптографиялық қорғауды пайдаланатын қорғалған ақпарат алмасу арнасы (екі жақты аутентификациясы бар, TLS кемінде v.1.2 Mutual) пайдаланылады.

83. Ақпараттық өзара іс-қимыл тараптарын авторизациялау кезінде «Username» өрісінде Оператордың куәландырушы орталығынан алынған сертификатта көрсетілген атқа сәйкес келетін Қатысушының жүйелік аты (пайдаланушы идентификаторы) көрсетіледі.

84. Оператор ақпараттық қауіпсіздік шараларын белгілейді, ақпаратты криптографиялық қорғаудың сертификатталған құралдарын және тіркеу куәліктерін беруді қамтамасыз ететін аккредиттелген куәландырушы орталықты, сондай-ақ оларды пайдалану тәртібін айқындайды.

85. Фотобейнелерін салыстыру сервисіне қол жеткізу кезіндегі аутентификация тәртібі криптографиялық алгоритмдерге негізделген ақпараттық өзара іс-қимыл тараптарын тексеру арқылы аутентификацияны пайдалануды көздейді.

86. Оператор Қатысушыдан Клиенттің дербес деректерін, оның ішінде үшінші тұлғалардың қатысуымен жинауға және өңдеуге берген келісімінің болуын растайтын құжатты, сондай-ақ Клиентке Қатысушы кеңсесінде қызмет көрсету жағдайларын қоспағанда, Клиенттің жүгіну бейнежазбасын сұратуға құқылы.

4 Параграф. Биометриялық аутентификация қызметтерін көрсету тәртібі

87. Биометриялық аутентификация қызметі Қатысушының сұрауы бойынша Клиенттің жеке басын аутентификациялау жөніндегі іс-шараларды кешенді түрде жүргізуді қамтамасыз етеді, оған мыналар кіреді:

1) Клиенттің ЖСН-ін растау туралы сұрау;

2) Клиенттің жеке басын биометриялық аутентификациялау:

-liveness – тексеру. Liveness-тексерудің нәтижесі сәтсіз болған жағдайда, қайта тексеру жүргізіледі. Бір сессия шеңберінде 4 (төрт) реттен артық емес liveness-тексеруді жүргізуге жол беріледі, одан кейін Клиентпен сессия аяқталады және верификацияланатын тұлға үшін liveness-тексерулерді жүргізу мүмкіндігі 15 (он бес) минутқа бұғатталады. Қатысушы уақытша бұғаттау параметрін дербес баптау мүмкіндігіне ие, бұл ретте көрсетілген параметрді өзгертуге байланысты салдарлар, оның ішінде рұқсатсыз қол жеткізу және аутентификация қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын бұзу тәуекелдері үшін толық жауапкершілікті өзіне алады;

-liveness-тексеру сеансынан Клиенттің фотобейнесін алу және оны фотобейнелерін салыстыру рәсімін жүргізу үшін пайдалану;

liveness-тексеру сеансынан алынған фотобейнені қолжетімді дереккөздердегі эталондық фотобейнемен салыстыру рәсімін жүргізу;

3) жүргізілген биометриялық аутентификация рәсімінің нәтижелері бойынша шешім қабылдау және нәтижені Қатысушыға жіберу;

4) Қағидалардың 68-тармағына сәйкес Қатысушыдан алынған келісім параметрлері негізінде келісімдерді басқару сервисінде Клиенттің келісімін қалыптастыруды, алуды және тіркеуді жүзеге асыру;

5) Клиенттің келісімі болған жағдайда, Қатысушының сұрауы бойынша Клиенттің дербес деректерін ұсыну, бұған биометриялық деректер кірмейді.

88. Клиенттің жеке басын биометриялық аутентификациялау туралы сұрауда Қатысушы Операторға Клиенттің ЖСН-ін жібереді.

89. Қағидаларға 2-қосымша нысаны бойынша рәсімделген Пайдаланушы келісімінің талаптарымен Клиенттің келісімі Клиенттің жеке басын

биометриялық аутентификациялау рәсімін жалғастырудың міндетті шарты болып табылады. Мұндай келісім болмаған жағдайда биометриялық аутентификация қызметі көрсетілмейді.

90. Клиенттің жеке басын биометриялық аутентификациялау рәсімі сәтті аяқталған жағдайда, СДАО Қатысушыға жіберілетін жауап хабарламасында кейіннен дербес деректерді алу процесінде пайдаланылатын авторизация кодын жібереді.

91. Клиенттің жеке басын биометриялық аутентификациялау рәсімі сәтсіз аяқталған жағдайда, СДАО Қатысушыға жіберілетін жауап хабарламасында тиісті рәсімдердің сәтсіз орындалғаны туралы ақпаратты жібереді.

92. Клиенттің жеке басын биометриялық аутентификациялау рәсімі сәтті аяқталған жағдайда, Қатысушы алынған авторизация кодын қоса отырып, Клиенттің дербес деректерін алу туралы сұрау жібере алады.

93. Қатысушының Клиент туралы оның дербес деректерін және банк құпиясына жататын мәліметтерді қамтитын ақпаратты алу туралы сұрауы Оператор тарапынан тек Клиенттің өзі дербес деректерді және банк құпиясына жататын мәліметтерді жинауға, өңдеуге және үшінші тұлғаларға беруге келісім берген жағдайда ғана өңделеді.

94. Биометриялық аутентификация қызметі аяқталған кезде, Қатысушы биометриялық аутентификация жүргізу нәтижелері бойынша электрондық құжатты алу туралы сұрау жібере алады.

5 Параграф. Клиенттің жеке басын екі факторлы сәйкестендіру қызметін көрсету тәртібі

95. Клиенттің жеке басын екі факторлы аутентификациялау қызметі немесе Қатысушының сұрауы бойынша Клиент туралы қосымша мәліметтерді алу қызметі шеңберінде Клиенттің жеке басын аутентификациялау жөніндегі іс-шараларды кешенді түрде жүргізу қамтамасыз етіледі және ол мыналарды қамтиды:

1) Клиенттің ЖСН-ін растау туралы сұрау;

2) Клиенттің жеке басын биометриялық аутентификациялау:

-liveness – тексеру. Liveness-тексеру нәтижесі сәтсіз болған жағдайда, қайта тексеру жүргізіледі. Бір сессия шеңберінде 4 (төрт) реттен артық емес liveness-тексеру жүргізуге жол беріледі, одан кейін Клиентпен сессия аяқталады және верификацияланатын тұлға үшін liveness-тексерулерді жүргізу мүмкіндігі 15 (он бес) минутқа бұғатталады. Қатысушы уақытша бұғаттау параметрін дербес баптау мүмкіндігіне ие, бұл ретте көрсетілген параметрді өзгертуге байланысты салдарлар, оның ішінде рұқсатсыз қол жеткізу тәуекелдері және аутентификация қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын бұзу үшін толық жауапкершілікті өзіне алады;

-liveness-тексеру сеансынан Клиенттің фотобейнесін алу және оны фото бейнелерін салыстыру рәсімін жүргізу үшін пайдалану;

-liveness-тексеру сеансынан алынған фотобейнені қолжетімді дереккөздердегі эталондық фотобейнемен салыстыру рәсімін жүргізу;

3) Клиентке сұрауда көрсетілген телефон нөміріне бір реттік (бір жолғы) код жіберу арқылы СМС-тексеру жүргізу. Бір екі факторлы аутентификация сессиясы шеңберінде 2 (екі) СМС-тен артық жіберуге жол берілмейді;

4) Клиенттің жеке басын екі факторлы аутентификациялау рәсімінің нәтижелері бойынша шешім қабылдау және нәтижені Қатысушыға жіберу;

5) Қағидалардың 68-тармағына сәйкес Қатысушыдан алынған келісім параметрлері негізінде келісімдерді басқару сервисінде Клиенттің келісін қалыптастыруды, алуды және тіркеуді жүзеге асыру;

6) Клиенттің келісімі болған жағдайда, Қатысушының сұрауы бойынша Клиенттің дербес деректерін ұсыну.

96. Клиенттің жеке басын екі факторлы аутентификациялау туралы сұрауда Қатысушы Операторға мынадай деректерді жібереді:

1) Клиенттің ЖСН-і;

2) Клиент Қатысушының қосымшасында тіркелген мобильді телефон нөмірі.

97. Қағидаларға 2-қосымша нысаны бойынша рәсімделген Пайдаланушы келісімінің талаптарымен Клиенттің келісімі екі факторлы аутентификация рәсімін жалғастырудың міндетті шарты болып табылады. Мұндай келісім болмаған жағдайда Клиенттің жеке басын екі факторлы аутентификациялау қызметі көрсетілмейді.

98. Заңды тұлғаны екі факторлы аутентификациялау ұйымның бірінші басшысын немесе өкілеттіктер матрицасына сәйкес уәкілеттік берілген өзге де тұлғаларды аутентификациялау арқылы жүзеге асырылады.

99. Клиенттің жеке басын екі факторлы аутентификациялау рәсімі сәтті аяқталған жағдайда, СДАО Қатысушыға жіберілетін жауап хабарламасында кейіннен дербес деректерді алу процесінде пайдаланылатын авторизация кодын жібереді.

100. Клиенттің жеке басын екі факторлы аутентификациялау рәсімі сәтсіз аяқталған жағдайда, СДАО Қатысушыға жіберілетін жауап хабарламасында тиісті рәсімдердің сәтсіз орындалғаны туралы ақпаратты жібереді.

101. Клиенттің жеке басын екі факторлы аутентификациялау рәсімі сәтті аяқталған жағдайда, Қатысушы алынған авторизация кодын қоса отырып, Клиенттің дербес деректерін алу туралы сұрау жібере алады.

102. Құрамында Клиенттің дербес деректері бар Клиент туралы мәліметтерді Қатысушының алу туралы сұрауы Оператор тарапынан тек Клиенттің өзі дербес деректерді жинауға, өңдеуге және үшінші тұлғаларға беруге келісім берген жағдайда ғана өңделеді.

103. Екі факторлы аутентификация қызметі аяқталған кезде, Қатысушы биометриялық аутентификация жүргізу нәтижелері бойынша электрондық құжатты алу туралы сұрау жібере алады.

6 Параграф. Бұлтты ЭЦҚ қолдана отырып, электрондық құжаттарға қол қою қызметін көрсету тәртібі

104. Электрондық құжаттарға бұлтты ЭЦҚ пайдалана отырып қол қою жеке және заңды тұлғалар үшін қолжетімді.

105. Бұлтты ЭЦҚ қолдану арқылы электрондық құжаттарға қол қою үшін СДАО-ның бұлтты ЭЦҚ басқару сервисі пайдаланылады, ол Қатысушылар мен Клиенттерге арналған функциялар кешенін қамтиды және мыналарды қамтамасыз етеді:

1) бұлтты ЭЦҚ тіркеу куәлігін шығару/қайта шығару және кері қайтарып алу;

2) бұлтты ЭЦҚ пайдалана отырып электрондық құжаттарға қол қою;

3) бұлтты ЭЦҚ қолдану арқылы қол қойылған электрондық құжаттар тізімін қарау.

106. Заңды тұлғалардың бұлтты ЭЦҚ қолдану арқылы электрондық құжаттарға қол қоюы өкілеттіктер матрицасына сәйкес жүзеге асырылады.

107. Өкілеттіктер матрицасын құру, оған өзгерістер енгізу және оны деактивациялау Қатысушы тарапынан Порталда жүзеге асырылады.

108. Заңды тұлғалардың электрондық құжаттарға бұлтты ЭЦҚ қолдану арқылы қол қою сервисін пайдалану үшін Қатысушыға:

1) Порталда өз ұйымына қатысты, ал қажет болған жағдайда тиісті құжаттарға қол қоюға уәкілетті Клиент ұйымына қатысты да өкілеттіктер матрицасын құру және рәсімдеу;

2) СДАО қалыптастырған сілтемені өкілеттіктер матрицасында көрсетілген ұйымның бірінші басшысының электрондық пошта мекенжайына немесе телефон нөміріне жіберу қажет. Қатысушы сондай-ақ СДАО қалыптастырған сілтемені Қатысушы немесе Клиент ұйымының бірінші басшысына кез келген қолжетімді және өз бетінше таңдалған байланыс арналары (электрондық пошта, мессенджерлер, мобильді қосымшадағы push-хабарламалар және т.б.) арқылы бекітуге жібере алады;

3) ұйымның бірінші басшысы өкілеттіктер матрицасын оның атына шығарылған және осы өкілеттіктер матрицасы жасалатын заңды тұлғаға сәйкес келетін бұлтты ЭЦҚ арқылы қол қою жолымен бекітуді (куәландыруды) қамтамасыз ету қажет.

109. Өкілеттіктер матрицасы бекітілгеннен (куәландырылғаннан) кейін онда көрсетілген тұлғалар өкілеттіктер матрицасына өз бұлтты ЭЦҚ арқылы қол қойған ұйымның бірінші басшысы берген өкілеттіктер негізінде осы ұйым атынан электрондық құжаттарға қол қою құқығына ие болады.

110. Қатысушы Қатысушы қалыптастырған өкілеттіктер матрицасының өз ұйымына, сондай-ақ Клиент ұйымына қатысты толықтығы, дұрыстығы және өзектілігі үшін жауап береді. Ұйымның құрылымдық өзгерістері, уәкілетті тұлғалардың ауысуы немесе олардың өкілеттіктерінің тоқтатылуы жағдайында Қатысушы өкілеттіктер матрицасын уақтылы жаңартуды қамтамасыз етуге міндетті.

111. Бұлтты ЭЦҚ басқару сервисін Қатысушы Клиентке қашықтан қызмет көрсету кезінде немесе Клиенттің жеке өзі (жеке) жүгінуі кезінде пайдаланады.

112. Бұлтты ЭЦҚ қолдану арқылы электрондық құжаттарға қол қою мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Қатысушы бұлтты ЭЦҚ басқару сервисін шақырады және қол қою үшін электрондық құжаттарды (*.pdf, *.xml, blob) береді, жауап ретінде жүктелген құжаттардың бірегей идентификаторларын алады;

2) Қатысушы Клиентті аутентификация рәсімінен өту үшін СДАО екі факторлы аутентификация сервисіне қайта бағыттайды және Қағидалардың 68-тармағына сәйкес келісім параметрлерін, сондай-ақ бұрын алынған жүктелген құжаттардың бірегей идентификаторларының тізімін береді;

3) СДАО екі факторлы аутентификация сервисі Клиенттің жеке басын аутентификациялауды жүргізеді. Электрондық құжаттарға заңды тұлға атынан қол қою кезінде қосымша түрде Клиенттің бекітілген өкілеттіктер матрицасында болуы тексеріледі;

4) бұлтты ЭЦҚ басқару сервисі Клиентке бұлтты ЭЦҚ-ның жабық кілттеріне қол жеткізу паролін енгізу арқылы электрондық құжаттарға қол қоюды ұсынады. Клиент белгілеген пароль СДАО ақпараттық жүйелерінде және куәландырушы орталықта сақталмайды. Клиенттің жабық кілтінің паролін тексеру үшін HSM-де тек парольдің хэші сақталады;

5) Клиент парольді енгізеді, оның шифрлануы Клиенттің құрылғысында жүзеге асырылады және тексеру үшін бұлтты ЭЦҚ сервисіне беріледі;

6) бұлтты ЭЦҚ басқару сервисі электрондық құжаттарға қол қою үшін бұлтты ЭЦҚ сервисін шақырады;

7) қол қойылған құжаттар Қатысушыға қайтарылады.

113. Жабық кілтке қол жеткізу СДАО екі факторлы аутентификация сервисі негізінде қамтамасыз етіледі.

114. Клиентте қолданыстағы бұлтты ЭЦҚ кілттері болмаған жағдайда, Клиентке Сайтта жарияланған <https://npck.kz/docs-uuc/> мекен-жайы бойынша нысанға сәйкес тіркеу куәлігін беруге арналған өтініш ұсынылады. Осы өтініш негізінде бұлтты ЭЦҚ кілттері шығарылады және қажетті құжаттарға қол қойылады. Клиенттің тіркеу куәлігін шығаруға келісімінің болмауы қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады.

115. Тіркеу куәлігін шығару және бұлтты ЭЦҚ қолдану арқылы электрондық құжаттарға қол қою рәсімі сәтті өткен жағдайда, СДАО сервисі Клиентті Қатысушы бұрын көрсеткен веб-парақшаға қайта бағыттайды, сондай-ақ бұрын қол қойылған электрондық құжаттар туралы ақпаратты алуға қол жеткізу үшін пайдаланылатын авторизация кодын ұсынады.

116. Тіркеу куәлігін шығару рәсімі сәтсіз аяқталған жағдайда, Клиентке тиісті қате көрсетілген ақпарат жіберіледі.

117. Клиенттің жабық кілттерін сақтау Қоғамның тіркеу куәліктерін қолдану саясатын және Қоғамның Куәландырушы орталығының жұмыс тәртібін айқындайтын ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес Қоғамның қорғалған ресурсында жүзеге асырылады.

118. Бұлтты ЭЦҚ қолдану арқылы қол қойылған электрондық құжаттарды сақтау мерзімі бұлтты ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін 1 (бір) жылды құрайды.

119. Бұлтты ЭЦҚ тіркеу куәлігін кері қайтарып алу Клиент тарапынан Сайтта <https://npck.kz/docs-uuc/> мекен-жайы бойынша жарияланған нысанға

сәйкес тіркеу куәлігін кері қайтарып алу (күшін жою) туралы өтініш беру арқылы жүзеге асырылады.

Тіркеу куәлігін кері қайтарып алу Клиенттің Жеке кабинеті (id.npsk.kz) арқылы электрондық форматта жүзеге асырылады.

5 тарау. Диспуттық жағдайларды қарау

120. Дау жағдайларын қарау тек СДАО көрсеткен екі факторлы және биометриялық аутентификация қызметтерінің нәтижелері бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін. СДАО-ның фотобейнелерді салыстыру қызметін көрсету нәтижелері бойынша дау жағдайлары қаралмайды.

121. Клиент жүргізілген аутентификация нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Клиент Қатысушының қолдау қызметіне жүгінеді.

122. Қатысушы Клиенттің сұрауы негізінде Операторға ресми сұрау жолдайды, онда сұраудың мәні, тексеру жүргізуге негіз болатын құжаттың деректемелері, Қатысушының ақпараттық жүйелерінің СДАО-мен өзара іс-қимылының хронологиясы және Клиенттің жеке басын аутентификациялау рәсіміне қатысты өзге де мәліметтер көрсетіледі.

123. Оператор дау мән-жайлары бойынша тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша қорытынды қалыптастырады.

124. Қорытындыда мынадай мәліметтер көрсетіледі (онымен шектелмей):

- 1) Клиенттің жеке басын аутентификациялау жүргізілген күні мен уақыты;
- 2) Клиенттің жеке басын аутентификациялау кезінде пайдаланылған биометриялық шешімді ұсынушы;
- 3) Клиенттің жеке басын аутентификациялау кезінде пайдаланылған биометриялық шешім;
- 4) СМС хабарламаларды жеткізу ішкі жүйесінен алынған мәліметтер;
- 5) журналдау (логтау) ішкі жүйесінен алынған мәліметтер;
- 6) тұлғаны liveness-тексеру жүргізу үшін негіз болған фото және (немесе) бейне материалдарды талдау нәтижесі;
- 7) салыстыру үшін ұсынылған Клиенттің бет-әлпетінің фотобейнелерін талдау нәтижесі;
- 8) жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша түпкілікті шешім.

125. Оператор Қатысушы алдында тек СДАО жағында екі факторлы аутентификация нәтижесі бойынша дұрыс емес оң нәтиже беру фактілері (нақты тұлғаның орнына алаяқ тұлғаны оң аутентификациялау) дәлелденген жағдайда ғана жауапты болады. Оператордың Қатысушы алдындағы жауапкершілік мөлшері Қатысушымен жасалған Қызметтер көрсету туралы шарт талаптарымен айқындалады.

126. Клиенттің жеке басын дұрыс емес аутентификациялау фактілері (нақты тұлғаның орнына алаяқ тұлғаны оң аутентификациялау) дәлелденген жағдайда, Қатысушыға келтірілген залал Оператор тарапынан Қызметтер көрсету туралы шарт талаптарына сәйкес өтеледі.

127. Биометриялық немесе екі факторлы аутентификация қызметтерін көрсету нәтижесінде дұрыс емес оң нәтиже берілуі салдарынан (нақты тұлғаның орнына алаяқ тұлғаны оң аутентификациялау) Клиенттерге және кез келген

үшінші тұлғаларға келтірілген кез келген залал және (немесе) шығындар үшін Қатысушы дербес жауапты болады.

128. Ақпараттық қауіпсіздіктің бұзылуы, сондай-ақ Қатысушының кінәсінен жасалған әрекеттері немесе әрекетсіздігі салдарынан СДАО сервистерінің жұмысындағы іркілістер нәтижесінде Клиенттерге және кез келген үшінші тұлғаларға келтірілген кез келген залал және (немесе) шығындар үшін Қатысушы дербес жауапты болады.

129. Оператор Клиенттің жеке басын аутентификациялау нәтижесінің теріс болуына байланысты Клиенттің және (немесе) Қатысушының кез келген ықтимал шығындары үшін жауапты болмайды.

6 тарау. Тәуекелдерді басқару жүйесі

130. Тәуекелдерді басқару Оператордың Тәуекелдерді басқару саясатына және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

131. Клиенттің жеке басын аутентификациялау процестерінде жалған өткізуге байланысты тәуекелдерді басқару үшін мынадай әдістер қолданылады:

1) биометриялық шешімдерді шабуылдарға қарсы тұру мүмкіндігі тұрғысынан тестілеу (жүйені айналып өту үшін фотобейнелерді, бейнежазбаларды, маскаларды немесе deepfake технологияларын пайдалану сияқты тұлғаны қолдан жасаудан қорғау);

2) Клиенттің жеке басын екі факторлы аутентификациялау;

3) тұлғаның liveness-тексеруінен өту әрекеттерінің санын шектеу, сессияны бұғаттау.

132. Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару мақсатында Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік саласындағы халықаралық және мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес дербес деректерді қорғау бойынша ұйымдастырушылық және техникалық шараларды жүзеге асырады.

133. Өзге де операциялық тәуекелдерді басқару үшін Оператор мынадай бақылау шараларын қолданады:

1) Оператордың СДАО жұмысының орындалуын бақылауды жүзеге асыруы;

2) Оператордың СДАО үздіксіз жұмысын тәулік бойы мониторингтеу және қамтамасыз етуі;

3) СДАО жабдығына тиісті техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, оның толық жарамдылығын және тұрақты дайын күйде болуын қамтамасыз ету, ескірген жабдықты сатып алу және ауыстыруды жоспарлау;

4) СДАО сервистерін жетілдіру және ақауларын жою бойынша қажетті әзірлемелер мен пысықтаулардың орындалуын қамтамасыз ету;

5) СДАО қолданбалы/жүйелік бағдарламалық қамтамасыз етуінің тұрақты нұсқаларын тестілеу және жаңартуларын тұрақты түрде орнату;

6) оқиғалар мен оқыс оқиғаларды басқару, оның ішінде оларды уақтылы анықтау, тіркеу, әрекет ету және талдау;

7) жүйенің жұмысын тоқтатудың ықтимал сценарийлерін ескере отырып, СДАО сервистерінің жұмысын қалпына келтіру жоспарын өзекті күйде ұстау және Оператордың осы жоспарды тестілеуі;

8) СДАО негізгі және резервтік деректерді өңдеу орталықтарының жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету;

9) СДАО бағдарламалық-техникалық кешенінің негізгі деректерді өңдеу орталығында қалпына келтіруге келмейтін ақаулар немесе тоқтап қалулар болған жағдайда, СДАО-ны негізгі деректерді өңдеу орталығынан резервтік деректерді өңдеу орталығына ауыстыру;

10) СДАО-ны сүйемелдеу және қолдауды қамтамасыз ететін білікті персоналдың жеткілікті санын қамтамасыз ету, сондай-ақ Оператордың ішкі бақылау жүйесінде көзделген өзге де бақылау шараларын жүзеге асыру;

11) Оператордың СДАО қолжетімділігін айқындау жөніндегі ішкі нормативтік құжатында белгіленген тәртіппен белгілі бір кезеңдегі СДАО-ның дұрыс жұмыс істеу уақыты үлесін көрсететін сандық көрсеткішті айқындау.

**Сәйкестендіру деректерімен алмасу
орталығының жұмыс істеу
қағидаларына 1-қосымша**

СДАО-ға ұсынылатын фотобейнеге қойылатын талаптар

СДАО фотобейнелерді сәйкестендіру сервисі келесі талаптарға сәйкес келетін фотобейнелерді қабылдайды:

- 1) адамның бейнесі кеуде деңгейінен жоғары бөлігін қамтуы тиіс;
- 2) Бет бейнесі фотобейненің жалпы аумағының кемінде 40%-ын және 80%-ынан аспайтын бөлігін алуы тиіс;
- 3) Бастың бұрылуы және еңкеюі фронтальды қалыптан 8°-тан аспауы тиіс;
- 4) Кескіннің ең кіші көлденең өлшемі 360 пиксель болған кезде көз орталықтарының арасындағы қашықтық кемінде 70 пиксель болуы тиіс;
- 5) Кіріс фотобейненің өлшемі кемінде 640×360 пиксель болуы тиіс;
- 6) Кадрда бөгде адамдар болмауы тиіс;
- 7) Иықтар камераға қарай бағытталуы тиіс, иық арқылы қарап түсірілген портреттік стильге жол берілмейді;
- 8) Бет біркелкі жарықтандырылуы тиіс, жарықтың басым бір бағыттан түсуіне жол берілмейді, сондай-ақ жарықтандыру қарқындылығының тиісті арақатынасы сақталуы қажет;
- 9) Фотобейнеде ашық жарық дақтары немесе жылтыр шағылыстар болмауы тиіс;
- 10) Бас киім киюге жол берілмейді. Иектен маңдайдың жоғарғы сызығына дейінгі беттің барлық ерекшеліктері, оның ішінде беттің екі жағы да анық көрінуі қажет;
- 11) Көзілдірікті тек мөлдір әйнекті және жарқылдың шағылыстары жоқ жағдайда пайдалануға рұқсат етіледі. Боялған линзаларға тыйым салынады. Қалың жақтаулы көзілдіріктерді қолданудан аулақ болу қажет, қажет болған жағдайда жұқа әрі берік жақтаулы үлгілерге басымдық беріледі. Көзілдіріктің жақтауы көздерді жаппауы және олардың толық көрінуін қамтамасыз етуі тиіс;
- 12) Жарық артефактілерінің немесе жарқыл шағылыстарының болуына жол берілмейді;
- 13) Көзқарас тікелей камераға бағытталуы тиіс;
- 14) Көздер ашық және анық көрінуі қажет. Шаш көздерді жаппауы тиіс;
- 15) Бет әлпеті бейтарап болуы тиіс;
- 16) Бет фотобейнесі анық болуы, бет фокуста орналасуы тиіс.

Сәйкестендіру деректерімен алмасу
орталығының жұмыс істеу
қағидаларына 2-қосымша

**Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы» (СДАО) ақпараттық
жүйесінің пайдаланушы келісімі**

Осы «Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы» (СДАО) ақпараттық жүйесінің пайдаланушы келісімі (бұдан әрі - Пайдаланушы келісімі) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «Ұлттық төлем корпорациясы» акционерлік қоғамы, бұдан әрі - «ҰТК» деп аталатын, бір тараптан, және Пайдаланушы келісіміне қосылған клиент, бұдан әрі – «Клиент» деп аталатын, сондай-ақ бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатындардың өзара қатынастарының шарттарын айқындайды.

Пайдаланушы келісімінің талаптары Клиент тарапынан оған тұтастай қосылу арқылы ғана қабылданады және Пайдаланушы келісіміне қосылған барлық Клиенттер үшін бірдей стандартты болып табылады.

Клиенттің Пайдаланушы келісіміне қосылуы «Жалғастыру» батырмасын басу арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрі - Әрекеттер).

Көрсетілген Әрекеттерді орындау Клиенттің Пайдаланушы келісімімен танысқанын және Пайдаланушы келісімінің талаптары Әрекеттерді орындау сәтінде қолданыстағы редакциясында ешқандай ескертпелерсіз, алып тастауларсыз, өзгерістерсіз және келіспеушіліктер хаттамаларынсыз толық көлемде қабылданатынына келісетінін білдіреді.

Әрекеттерді орындау арқылы Пайдаланушы келісіміне қосылғаннан кейін, Клиент Пайдаланушы келісімімен (толық немесе ішінара) таныспағанын немесе оның «ҰТК» АҚ-мен өзара қатынастарда міндетті күшін мойындамайтынын алға тартуға құқылы емес.

Клиент «ҰТК» АҚ Пайдаланушы келісіміне енгізетін өзгерістер мен толықтыруларды Пайдаланушы келісімінің талаптарына сәйкес қабылдайды, бұл ретте Пайдаланушы келісіміне қосымша келісім жасасу талап етілмейді.

Пайдаланушы келісімінің қолданыстағы редакциясы (СДАО Қағидаларына 2-қосымша) ресми Сайтта мына мекенжай бойынша жарияланған: <https://npck.kz/pravila-coid/>.

1. Терминдер мен анықтамалар

1.1. Клиенттің жеке басын аутентификациялау - Клиенттің жеке басының шынайылығын тексеру рәсімі;

1.2. биометриялық аутентификациялау - Клиенттің биометриялық деректерінің сәйкестігін салыстыру және тексеру процесі, оған liveness-тексеру және Клиенттің фотобейнесін қолжетімді дереккөздерден алынған фотобейнемен салыстыру кіреді;

1.3. биометриялық деректер - дербес деректер субъектісінің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын, олардың негізінде оның жеке басын анықтауға болатын дербес деректер.

1.4. ЖТ МДҚ - «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры;

1.5. қолжетімді дереккөздер - Клиенттің жеке басын аутентификациялауға мүмкіндік беретін мәліметтерді қамтитын мемлекеттік деректер қорлары;

1.6. Клиент - кәмелетке толған, әрекетке қабілетті жеке тұлға, Қазақстан Республикасының азаматы, шетел азаматы немесе Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын (Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты немесе Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген азаматтығы жоқ адамның куәлігі болған жағдайда) жеке тұлға, Қатысушыға қызмет алу үшін жүгінген тұлға;

1.7. liveness-тексеру - Клиенттің жеке басын алмастыру әрекеттерін, атап айтқанда фотобейнелерді, бейнежазбаларды, бетперделерді немесе жүйені айналып өтуге арналған deepfake технологияларын пайдалануды анықтау процесі;

1.8. deepfake технологиялары - бар кескіндер мен бейнежазбаларды бастапқы кескіндерге немесе бейнероликтерге біріктіру және қабаттастыру үшін қолданылатын кескін синтездеу әдістемесі;

1.9. фотобейнелерді салыстыру - liveness-тексеру сессиясы барысында алынған Клиенттің бет бейнесінің фотобейнесін қолжетімді дереккөздерден алынған фотобейнемен салыстыру және сәйкестігін тексеру процесі;

1.10. дербес және биометриялық деректерді өңдеу - дербес және биометриялық деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған әрекеттер;

1.11. дербес және биометриялық деректерді жинау - дербес және биометриялық деректерді алуға бағытталған әрекеттер;

1.12. Қатысушы – «ҰТК» АҚ-мен қызметтерді көрсету туралы қосылу шарты жасалған заңды тұлға;

1.13. СДАО - «ҰТК» АҚ-ның «Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы» ақпараттық жүйесі;

1.14. Қызметтер - Қатысушының сұрауы бойынша Клиенттің жеке басын аутентификациялау мақсатында қолжетімді дереккөздерден дербес деректерді ұсыну және/немесе бұлтты ЭЦҚ-ны басқару жөніндегі СДАО қызметтері;

1.15. СДАО қағидалары - <https://npck.kz/pravila-coid/> мекенжайы бойынша Сайтта жарияланған Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығының жұмыс істеу қағидалары.

1.16. Сайт - <https://npck.kz/> мекенжайы бойынша қолжетімді «ҰТК» АҚ-ның ресми интернет-ресурсы.

2. Пайдаланушы келісімінің мәні

2.1. Осы Пайдаланушы келісімімен Клиент «ҰТК» АҚ-ға мынадай әрекеттерді жасауға өзінің сөзсіз және шартсыз келісімін береді:

2.1.1. Қатысушының сұрауы бойынша тұлғаны биометриялық аутентификациялауды жүргізуге және жүргізілген биометриялық аутентификация нәтижелерін (қорытындыларын) беруге;

2.1.2. Клиенттің дербес деректерін жинауға және өңдеуге, оның ішінде оларды Қатысушыға беруге, трансшекаралық деректер алмасуды қоспағанда;

2.1.3. Клиенттің дербес деректерін беру туралы келісімдерін есепке алуды және сақтауды жүзеге асыруға;

2.1.4. «СДАО Қағидаларына» сәйкес «ҰТК» АҚ-ның өзге де әрекеттерді немесе әрекетсіздікті жүзеге асыруына, өзге де құқықтар мен міндеттерді орындауына, тікелей немесе жанама түрде Клиенттің құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты болуына;

3. Жеке деректерді жинау және өңдеу

3.1. Осы Пайдаланушы келісіміне сәйкес Клиент «ҰТК» АҚ-ға дербес деректерді жинауға және өңдеуге беретін келісім шеңберіне келесі дербес деректер жатады:

- ЖСН;
- тегі, аты, әкесінің аты;
- туған күні;
- жынысы;
- ұлты;
- азаматтығы;
- жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (құжат нөмірі, берілген күні, жарамдылық мерзімі және құжатты берген орган);
- туған жері туралы мәліметтер;
- тіркелген мекенжайы туралы мәліметтер;
- биометриялық деректер (фото/бейне кескін);
- телефон нөмірі;
- жеке тұлғаның әрекетке қабілеттілігі туралы мәліметтер;
- ұлттық тізілімдерден шығару туралы мәліметтер;
- із-түзсіз жоғалған адам туралы мәліметтер;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мәліметтер.

3.2. Егер заңнамамен немесе Пайдаланушы келісімімен өзгеше көзделмесе, Клиент ұсынған дербес деректерді жинауға және өңдеуге берілген келісімдер осы Пайдаланушы келісімінде белгіленген тәртіппен кері қайтарып алынғанға дейін қолданылады.

4. Дербес деректерді беруге келісімдерді есепке алу және сақтау

4.1. Клиенттің дербес деректерін беруге берілген келісімдерін есепке алу және сақтау «ҰТК» АҚ тарапынан мынадай функцияларды орындау арқылы жүзеге асырылады:

4.1.1. Клиенттің оның дербес деректерін Қатысушыларға беруге келісімін тіркеу;

4.1.2. Клиенттің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және үшінші тұлғаларға беруге бұрын тіркелген келісімін кері қайтарып алу.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Клиенттің құқығы бар:

5.1.1. кез келген уақытта <https://help.npck.kz/otrs/customer.pl> техникалық қолдау мекенжайына тиісті хабарлама жіберу арқылы «ҰТК» АҚ ұсынған оның дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімді кері қайтарып алуға. Бұл ретте «ҰТК» АҚ дербес деректер жалпыға қолжетімді болған жағдайда, сондай-ақ 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабында көзделген негіздер болған кезде Клиенттің келісімінсіз де дербес деректерді жинауды және өңдеуді жалғастыруға;

5.1.2. өзіне қатысты биометриялық аутентификация жүргізуден бас тартуға (оның ішінде олар аяқталғанға дейін ұзу арқылы). Бұл ретте Клиент осы жағдайда Қатысушыға қатысты Қызметтердің көрсетілмеуі немесе толық көлемде көрсетілмеуі мүмкін екендігі туралы ескертілгенін және бұған келісетінін растайды;

5.1.3. «ҰТК» АҚ-ның оның деректерін өңдеу кезінде жасаған заңсыз әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне шағым жасауға, сондай-ақ өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға.

5.2. «ҰТК» АҚ-ның құқығы бар:

5.2.1. осы Пайдаланушы келісімінде көрсетілген рәсімдер мен әрекеттерді автоматтандырылған құралдарды пайдалана отырып жүзеге асыруға;

5.2.2. СДАО сервистерін пайдалану талаптары бұзылған, рұқсатсыз әрекеттер белгілері анықталған, заңнамада белгіленген талаптар, СДАО Қағидалары және «ҰТК» АҚ-ның өзге де ішкі құжаттары бұзылған немесе Клиенттің жеке басын қолдан жасау құралдарын пайдалану ықтималдығы анықталған жағдайда биометриялық аутентификация жүргізуден бас тартуға;

5.2.3. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында клиенттің аутентификациясының бұрын жүргізілген рәсімдері туралы ақпаратты сақтауға;

5.3. Клиент осы Пайдаланушы келісімінің талаптарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Пайдаланушы келісімін біржақты тәртіппен бұзуға (біржақты бас тартуға).

5.4. «ҰТК» АҚ міндетті:

5.4.1. Қатысушының сұрауы бойынша Клиентке қатысты Қызметтерді көрсетуге;

5.4.2. Клиент тиісті келісімін кері қайтарып алғаннан кейін дербес деректерді жинауды және өңдеуді тоқтатуға. Клиенттің келісімінсіз дербес деректерді жинау мен өңдеу жағдайларын қоспағанда, егер дербес деректер жалпыға қолжетімді болып табылса, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының 9-бабында көзделген негіздер болған кезде.

5.4.3. осы Пайдаланушы келісімі шеңберінде алынған Клиенттің дербес деректерінің құпиялылығын қамтамасыз ету және оларды қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға;

5.5. Клиент міндетті:

5.5.1. сұрауды тек өз атынан ғана жіберуге;

5.5.2. СДАО Қағидаларын, сондай-ақ «ҰТК» АҚ белгілеген және бекіткен өзге де талаптарды сақтауға;

5.5.3. деректерді жинауға және өңдеуге келісімді қайтарып алғаннан кейін әрекеттерді жүзеге асырмауға;

5.5.4. Клиенттің жеке басын аутентификациялау процесінде «ҰТК» АҚ-дан алынған, оның ішінде СМС арқылы жіберілетін бір реттік парольді қоса алғанда, ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламауға/бермеуге;

5.5.5. Клиенттің жеке басын аутентификациялау рәсімінен өту кезінде жеке басын алмастырудың кез келген құралдарын пайдаланбауға;

5.5.6. «ҰТК» АҚ инфрақұрылымына шамадан тыс жүктеме түсіруі мүмкін және өзге де түрде «ҰТК» АҚ сервистерінің жұмысын бұзуға әкелетін әрекеттерді жасамауға;

5.5.7. «ҰТК» АҚ ақпараттық ресурстарына, ақпараттық жүйелеріне және деректер базаларына заңсыз қол жеткізуге бағытталған әрекеттер жасамауға.

6. Деректердің құпиялылығы және қауіпсіздігі

6.1. Әрбір Тарап тиісті құпиялылық режимін, оның ішінде банк құпиясын сақтау және дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ көрсетілген ақпаратты рұқсатсыз жария етуден қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

6.2. Қауіпсіздік деңгейін арттыру, алаяқтық әрекеттердің алдын алу, құпия ақпараттың жария етілуіне немесе өзге де заңсыз әрекеттерге жол бермеу мақсатында «ҰТК» АҚ Клиенттің жеке басының шынайылығын, дұрыстығын және анықтығын тексеру үшін қосымша шарттарды, талаптарды немесе әрекеттерді белгілеуге құқылы.

6.3. Клиенттің дербес деректеріне қолжетімділік тек қызметтік міндеттерін орындау үшін бұл ақпарат қажет болатын «ҰТК» АҚ қызметкерлеріне ғана беріледі.

7. Жауапкершілік

7.1. Клиент «ҰТК» АҚ-ның мұндай шектеудің негіздеріне қарамастан, Клиентке қатысты Қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын СДАО сервистерінің қолжетімділігі шектелуіне байланысты Клиентке келтірілуі мүмкін кез келген залалдар (соның ішінде алынбай қалған пайда) үшін жауапты болмайтынын мойындайды және онымен келіседі.

7.2. Клиент технологиялық шектеулерге және жеке тұлғаны аутентификациялау кезінде сәйкессіз тұлғаны қате тану ықтималдығына байланысты тәуекелдерді өз мойнына алады әрі «ҰТК» АҚ оның жеке басын аутентификациялау процесінің абсолютті дәлдігіне кепілдік бере алмайтынын мойындайды. Жеке тұлғаны аутентификациялау кезінде сәйкессіздіктер

анықталған жағдайда, Клиент Қатысушының техникалық қолдау қызметіне жүгінеді.

7.3. Клиенттің СДАО арқылы жүргізілген жеке басын аутентификациялаудың теріс нәтижесімен келіспеуіне байланысты туындауы мүмкін кез келген ықтимал залал үшін «ҰТК» АҚ Клиенттің және/немесе Қатысушының алдында жауапкершілік көтермейді.

7.4. «ҰТК» АҚ өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл «ҰТК» АҚ алдын ала болдырмауы немесе еңсере алмауы мүмкін мән-жайлардың салдары болса, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей:

- еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайлары;
- нормативтік құқықтық актілердің өзгеруі/күшін жоюы;
- мемлекеттік органдар мен үшінші тұлғалардың әрекеттері;
- байланыс операторлары ұсынатын қызметтердің сапасының төмендеуі;
- Клиенттің, Қатысушының және кез келген үшінші тұлғалардың құрылғыларының, техникалық құралдарының, бағдарламаларының, қосымшаларының және ақпараттық жүйелерінің жұмысы;
- «ҰТК» АҚ-ға тәуелді емес өзге де себептер.

7.5. «ҰТК» АҚ аутентификация рәсімі жүргізілген қызмет көрсету шеңберіндегі қызмет нәтижесі үшін жауапкершілік көтермейді.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы Пайдаланушы келісімі Клиент Әрекеттерді орындаған күннен бастап күшіне енеді және жасалған болып есептеледі.

8.2. Пайдаланушы келісіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу «ҰТК» АҚ тарапынан біржақты тәртіппен жүзеге асырылады.

8.3. Пайдаланушы келісіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені туралы хабарлама «ҰТК» АҚ тарапынан <https://npck.kz/> мекенжайы бойынша Сайтта Пайдаланушы келісімінің жаңа редакциясын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

8.4. Егер осы Пайдаланушы келісімінде өзгеше көзделмесе, Пайдаланушы келісіміне енгізілген кез келген өзгерістер мен толықтырулар Сайтта орналастырылған күннен бастап күшіне енеді және Шартқа қосылған барлық Клиенттерге, оның ішінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін қосылған Клиенттерге де қолданылады.

8.5. Осы Келісіммен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге тиіс.

8.6. Осы Пайдаланушы келісімін орындауға байланысты туындайтын кез келген даулар немесе келіспеушіліктер Клиент пен «ҰТК» АҚ арасында келіссөздер жүргізу арқылы, міндетті сотқа дейінгі (кінәрат-талап) тәртіпті сақтай отырып шешуге тырысу арқылы реттеледі. Егер даулар келіссөздер арқылы шешілмеген жағдайда, олар қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

8.7. Осы Пайдаланушы келісімі қазақ және орыс тілдерінде жасалған және олардың заңдық күші бірдей болып табылады.

9. «ҰТК» АҚ мекенжайы мен деректемелері

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Ұлттық төлем корпорациясы»
акционерлік қоғамы

мекенжайы: А15С9Т, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, «Көктем-
3» шағын ауданы, 21 үй

БСН 960440000151

экономика секторы 5, резиденттік белгісі 1,

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы ЖСК KZ58601A861013807291

БСК HSBKKZKX.

**Сәйкестендіру деректерімен алмасу
орталығының жұмыс істеу
қағидаларына 3-қосымша**

Биометриялық шешімдерге қойылатын талаптар

1. Биометриялық шешімдер СДАО-да тұлғаны биометриялық аутентификациялау мақсатында қолданылады.
2. Биометриялық шешім Оператор ұсынған инфрақұрылым шеңберінде жұмыс істеуі тиіс.
3. Биометриялық шешімді әкімшілендіру және жаңарту Оператор әкімшілері арқылы жүзеге асырылады.
4. Биометриялық шешім 24/7 жұмыс режимін қамтамасыз етуі тиіс, қызмет көрсетуге байланысты үзіліс үш айда бір реттен жиі болмауы және күнтізбелік жыл ішінде жалпы ұзақтығы 168 сағаттан аспауы тиіс.
5. Биометриялық шешім Операторға docker бейнесі (образ) түрінде ұсынылуы тиіс.
6. Оператор биометриялық шешімдерді тестілеудің Оператор бекіткен әдістемесіне сәйкес биометриялық шешімнің функционалдық және жүктемелік тестілеуін жүргізеді.
7. Биометриялық шешімнің тиісті техникалық сипаттамалары және жүргізілген тестілеудің сәтті нәтижесі биометриялық шешімді ЦОИД-тың өндірістік ортасына енгізудің міндетті шарты болып табылады.
8. Биометриялық шешімде Оператор жүргізген ақпараттық қауіпсіздікті тексеру нәтижесінде (антивирустар, осалдықтарды талдау жүйелері және т.б. құралдарды пайдалану арқылы) анықталған және Оператор тарапынан сыни деп танылған осалдықтар болмауы тиіс. Сыни осалдықтарды биометриялық шешім жеткізушісі жоюы тиіс.
9. Биометриялық шешім драйверлердің және жүйелік бағдарламалық қамтамасыз етудің өзекті нұсқаларымен үйлесімділікті және дұрыс жұмыс істеуді қамтамасыз етуі тиіс.
10. Биометриялық шешімге оның алгоритмдеріне немесе функционалдық логикасына әсер ететін өзгерістер енгізілген жағдайда, Жеткізуші Операторға қайта тестілеуден өткізу үшін жаңартылған нұсқасын ұсынуға, сондай-ақ тестілеу жүргізу туралы қол қойылған келісімді қоса беруге міндетті.

Liveness биометриялық шешіміне қойылатын талаптар

11. Liveness биометриялық шешімі тұлғаның бетін қолдан жасауға қарсы әрекет етуді және фотобейнелерді, бейнежазбаларды, маскаларды, deepfake және (немесе) тұлғаны қолдан жасаудың өзге де технологияларын пайдалану сияқты алаяқтық әрекеттердің алдын алуды қамтамасыз етуі тиіс. Шешім тірі адамның бетін статикалық немесе жасанды бейнелерден тану және ажырату мүмкіндігіне ие болуы керек, осылайша биометриялық аутентификация процесі тек нақты тірі пайдаланушылар арқылы, тұлғаны қолдан жасау құралдарынсыз орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

12. Liveness биометриялық шешімі тексеру нәтижесін «сәтті/сәтсіз» түрінде ұсынуы тиіс.

13. Liveness биометриялық шешімі тірі адамның бет белгілерін анықтап, ұсынылған тұлғаның нақты екендігін және ауыстыруға немесе шабуылға ұшырамағанын белгілеген жағдайда «сәтті» деген жауап береді.

14. Liveness биометриялық шешімі сәйкессіздіктерді немесе фотобейнені, масканы немесе басқа да шабуыл түрлерін қолдану мүмкіндігін көрсететін күмәнді белгілерді анықтаған жағдайда «сәтсіз» деген жауап береді.

15. Liveness биометриялық шешімі Клиентпен байланыс сеансын өңдеу кезінде серверлік бөлікке фотобейнелер сериясын немесе бейнебайланыс сеансы жазылған бейнефайлды жіберуі тиіс, оның көлемі 5 МБ-тан аспауы қажет.

16. Liveness биометриялық шешімі фронттық бөлікті (WEB View) және API түріндегі бэктық бөлікті қамтитын кешенді шешімнен тұруы тиіс.

17. Liveness биометриялық шешімі пайдаланушы интерфейсін баптау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс (түстер гаммасы, мәтін, қаріптер, логотип және т.б.).

18. Биометриялық шешім Windows/Linux/macOS/Android/iOS/WebOS операциялық жүйелері және Chrome/Safari/Firefox браузерлерінің соңғы нұсқалары басқаруындағы стационарлық және мобильді құрылғыларды пайдалана отырып liveness тексеруін жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

19. Liveness биометриялық шешімін жеткізушінің камерадан алынатын бейнеизображеттің минималды рұқсатына қоятын талабы 720p-ден төмен болмауы тиіс.

20. Liveness биометриялық шешімі бір ағынды режимде минутына кемінде 10 сұранысты өңдеуді қамтамасыз етуі тиіс.

21. Liveness биометриялық шешімін тестілеу Оператор бекіткен биометриялық шешімдерді тестілеу әдістемесіне сәйкес жүргізіледі. Тестілеуден сәтті өту үшін liveness биометриялық шешімі барлық шабуыл түрлеріне сәтті қарсы тұруы және бұл ретте дұрыс тұлғаны қате қабылдамау көрсеткіші 15%-дан аспауы тиіс.

Фотобейнелерді салыстыруға арналған биометриялық шешімге қойылатын талаптар

22. Фотобейнелерді салыстыруға арналған биометриялық шешім екі бет фотобейнесін салыстыру кезінде олардың бір адамға тиесілі немесе тиесілі еместігін анықтаудың жоғары дәлдігін (FMR (NIST әдістемесі бойынша) 0,000001-ден аспауы және Оператор әдістемесі бойынша 0,0005-тен аспауы, FNMR 0,01-ден аспаған жағдайда) және сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

23. Жеткізуші Операторға фотобейнелердің ұқсастық коэффициентінің ұсынылатын шекті мәнін ұсынуы тиіс, оған жеткен немесе одан асқан жағдайда фотобейнелерді салыстыру оң нәтиже деп есептеледі. Бұл ретте биометриялық шешім осы бөлімнің 21-тармағында көрсетілген фотобейнелерді салыстыру дәлдігі көрсеткіштерін қамтамасыз етуі тиіс. Шекті мәндер СДАО фотобейнелерді салыстыру сервисіне қосылған әрбір биометриялық шешім үшін жеке белгіленеді және барлық биометриялық шешімдер үшін бірыңғай (унификацияланған) болып табылмайды.

24. Фотобейнелерді салыстыруға арналған биометриялық шешім фотобейнелердің ұқсастық дәрежесін ұқсастық коэффициенті түрінде ұсынуы тиіс.

25. Фотобейнелерді салыстыруға арналған биометриялық шешімнің API интерфейсі синхронды режимде жұмыс істеуі тиіс.

26. Фотобейнелерді салыстыруға арналған биометриялық шешім графикалық процессорлармен жұмыс істеуді қолдауы тиіс.

27. Фотобейнелерді салыстыруға арналған биометриялық шешім минутына кемінде 200 сұранысты өңдеуді қамтамасыз етуі тиіс.

28. Биометриялық шешімнің өнімділігі мен дәлдігін тестілеу Оператор дайындаған репрезентативті іріктеу негізінде жүргізіледі.

Сәйкестендіру деректерімен алмасу
орталығының жұмыс істеу
қағидаларына 4-қосымша

Биометриялық шешімді тестілеуді өткізу туралы келісім

Келісімнің мәні

1. _____, _____ тұлғасында, _____ негізінде әрекет ететін (бұдан әрі – Биометриялық шешімнің әлеуетті жеткізушісі), осы Келісімнің талаптарымен келіседі және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» АҚ-ға (бұдан әрі – «ҰТК» АҚ) _____ (бағдарламалық қамтамасыз етудің толық атауын көрсету) _____ (БҚ нұсқасын көрсету) БҚ-ны (бұдан әрі – биометриялық шешім) тестілеуді жүргізу құқығын береді.

2. Биометриялық шешімнің әлеуетті жеткізушісі «ҰТК» АҚ-ға СДАО жұмыс істеу қағидаларына 5-қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес келетін биометриялық шешімді тестілеу үшін ұсынады.

3. Биометриялық шешімді тестілеу биометриялық аутентификация жүргізу кезінде «ҰТК» АҚ ақпараттық жүйелерінде (бұдан әрі – «ҰТК» АҚ АЖ) биометриялық шешімді пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында жүргізіледі.

4. Биометриялық шешімді тестілеу «ҰТК» АҚ бекіткен биометриялық шешімдерді тестілеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Биометриялық шешімді тестілеу нәтижелері «ҰТК» АҚ интернет-ресурсында (<http://npck.kz>), сондай-ақ ресми хат арқылы биометриялық шешімнің әлеуетті жеткізушісіне жіберіледі.

6. Тестілеуді жүргізу үшін биометриялық шешімнің әлеуетті жеткізушісі мыналарды ұсынады:

- биометриялық шешімге кемінде 30 күнтізбелік күн мерзімге қарапайым айрықша емес лицензияны;
- docker контейнері түріндегі биометриялық шешімді;
- биометриялық шешімнің API шақыруын сипаттайтын техникалық құжаттаманы.

Жауапкершілік

7. Биометриялық шешімнің әлеуетті жеткізушісі «ҰТК» АҚ биометриялық шешімді тестілеу және оны тестілеу нәтижелерін жариялау барысында биометриялық шешімнің әлеуетті жеткізушісі шеккен жанама, тікелей және өзге де шығындар үшін жауапты болмайтынымен келіседі.

Қорытынды ережелер

8. Осы Келісім биометриялық шешімнің әлеуетті жеткізушісі осы Келісімге қол қойған күннен бастап күшіне енеді және оған қол қойылған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде қолданылады.

9. Осы Келісім қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, олардың заңды күші бірдей, әр Тарапқа бір-бір данадан беріледі.

Жеткізуші: _____

Қол қоюшының Т.А.Ә., лауазымы/қолы _____

М.О.

«ҰТК» АҚ алған күні _____ .